Қаздауысты ҚАЗЫБЕК: Сөздің атасы – бірлік, анасы – шындық

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

СЕНБІ,
22 ҚАЗАН, 2022 жыл №118 (23 148)

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ www.facebook.com/ortalyq.kz/ E-mail: info@ortalyq.kz

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрметті жерлестер!

1990 жылғы 25 қазанда Жоғарғы Кеңес Қазақстанның мемлекеттік Егемендігі туралы Декларацияны қабылдады. Осылайша, Қазақстан өзін әлемге алғаш рет бірегей аумақтық субъект ретінде танытты.

2022 жылғы 16 маусымда Ұлттық Құрылтайдың бірінші отырысында ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Республика күнінің мәртебесін қалпына келтіруді және оны 25 қазанда ұлттық мереке ретінде атап өтуді ұсынды.

Декларация қабылданған тарихи күннің маңыздылығы туралы айта келе, Мемлекет басшысы: «Бұл біздің еліміздің Тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамы болды. Республика күні еліміздің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символына айналуы тиіс» – деп атап өтті.

Бүгін біз еліміздің мерекелік күнтізбесінде Республика күнінің қалпына келтірілгеніне куә болып отырмыз.

Бүгінде барлық қазақстандықтармен бірге Қарағанды облысының тұрғындары да Тәуелсіз еліміздің одан әрі дамуына өздерінің лайықты үлесін қосуда.

Құрметті қарағандылықтар!

Бүгін біз өңіріміздің әрбір тұрғынының республикамыздың өркендеуіне қосқан үлесін мақтанышпен және шексіз құрметпен атап өтеміз. Қазіргі уақытта халық үшін өмір сүруге және жұмыс істеуге қолайлы жағдай жасау – біздің негізгі және ортақ міндетіміз. Осы мақсатта Мемлекет басшысы алдымызға қойған барлық міндеттерді сапалы, әрі жеріне жеткізіп орындауымыз керек.

Аймақтың барлық тұрғынын Қазақстан Республикасының күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Баршаңыздың Отанымыздың жарқын болашағына бағытталған еңбектеріңізге табыс тілейміз.

Республика күні құтты болсын!

Ж.ҚАСЫМБЕК,
Қарағанды облысының әкімі
С.ӨТЕШОВ,
Қарағанды облысы мәслихатының хатшысы

● ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ

Құны өтелген құндылық

Ерсін МҰСАБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

25 қазан – Республика күні. Иә, бұл күн – тарихи күн, Ұлттық мереке. Осыдан тура 32 жыл бұрын Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Яғни, Тәуелсіздікке алғашқы тарихи қадам жасалған күн. Сондықтан да, бұл күннің Ұлттық мереке – Республика күні ретінде қайта таңдалуы қазақ сынды тағдырлы халық шежіресіндегі тарихи шешім болды.

Араға 9 жыл салып қайта оралған мәртебелі мейрамның тарихи мәні мен маңызын ашып түсіндіру – біздің әріптестеріміздің (БАҚ саласы) қастерлі міндеті. «Бұл мерекенің мән-мазмұнын халық білмейді» деп, көпке топырақ шаша алмаймыз, әрине. Десек те, ең басты құндылығымыз Тәуелсіздік ұғымының идеологиялық тұжырымын жасай алмай келе жатқанымыз жасырын емес.

Кеше біз кім едік? Ұлт көсемсөзінің ұлы тұлғасы Камал Смайылов сонау 90-шы жылдары АҚШ-тың Карашна штатында болғанын жазады бір жолжазбасында. Колледж студенттерімен кездесуге қатысып, Қазақстаннан келгенін айтқанда, бүкіл аудитория «Ол қандай мемлекет?» деп аңтарылғанына қынжылыс білдіреді. Дегенмен, бірлі-жарым жастар Қазақстанды «Байқоңыр космодромы» деп қана танитынын, ал, ересектер жағы біздің елді «Семей полигоны» мен Петропавлдағы «СС-20» ракетасын шығаратын әскери зауыт арқылы ғана білетіндіктерін жеткізген екен.

Жылдар өтті. Ел Тәуелсіздігі нығайды. Қазақстанды әлем таныды. Танып қана қойған жоқ, барлық алпауыттар біздің мүмкіндігімізбен санасатын деңгейге жеттік. Арқа төсіндегі айбарлы Астанамыз алты құрлықтың тағдырын таразылайтын келіссөздер алаңына айналды. Шекарамыз шегенделіп, қауіпсіздігіміз нығайтылды. Міне, Тәуелсіздік игілігі!

Тәуелсіздік игілігі туралы мыңдап мысал келтіруге болады. Өркениет бізді өгейсіте алмайтын өрелі жобалар өмірге келді. Мәселен, Одақтан енші алып шыққанымызда, Қазақстанда әр мың шаршы шақырымға шаққанда – 30 шақырым асфальт жолымыз болған екен. Қазір осы көрсеткіш 35 шақырымға жетіпті. «Сонда 30 жылда салған жолымыздың түрі осы ма?» деген заңды сұрақ туындайды. Ол олай емес, әр мың шаршы шақырымға есептелген әлгі 5 шақырымды әлемде тоғызыншы орын алатын 2 724 902 шаршы шақырым жерімізге үлестірсеңіз, 14 мың шақырым жол салған болып шығамыз. Бұл да – Тәуелсіздік игілігі!

Кейде біздің саясаткерлердің «Тәуелсіздікке ешқандай қантөгіссіз қол жеткізгеніміздің өзі – бақыт» деп көлгірситіні бар. Сонда, ғасырлар бойы белінен алдаспаны, қолынан найза-садағы түспеген жауынгер бабалардың Азаттық жолында төккен қаны қайда? Тағдыры оққа байланған Алаш арыстары Тәуелсіздік үшін опат болмады ма? Ең соңғысы 1986 жылғы «Желтоқсан көтерілісінде» ақ қар не үшін қанға боялып еді?

Жасыратыны жоқ, 70 жыл үстемдік құрған Одақ бейбіт жолмен ыдырады. Оның өзі – 1922 жылы КСРО Конституциясына енгізілген «Одақтас республиканың Одақтан шығу құқығы туралы» норманың арқасында мүмкін болған бақытымыз.

Қалай болғанда да, бізге Тәуелсіздік төбеден жауған шұға, Азаттық аспаннан түсе қалған алтын емес. Күннің астын билеген Күлтегін заманынан бастау алып, Сақ дәуірінде салтанат құрып, Ғұн дәуірінде ғұрыпқа айналған, қазақ мемлекеттігінің іргесі қаланған Қазақ хандығы дәуірінде найзаның ұшына байланып, білектің күшімен шыңдалған, кешегі Алашорда тұсында құқықтық тұғырнамасы құжат болып сөйлеген ұлы идея 1990 жылы 25 қазанда заңдастырылып, 1991 жылы 16 желтоқсанда арманымыз ақиқатқа айналды! XIX ғасырдың жуан ортасына дейін толас таппаған қанды жорықтар XX ғасырдың басында ғана ұлттық идеяға айналды. Шынтуайтына келгенде, болмыстың санаға өктемдік ететін құлдық ғұрпынан керісінше сана болмысты нақтылайтын еркіндік санасына өтпейінше, ұлттық идея қалыптаспайтынын білген Әлихан бастаған алашордалықтар қантөгіс пен төңкеріс тактикасын ұлттық идеямен алмастырды. Осылайша, ғасырдан-ғасырға ұласқан күрескерлік рухтың сабақтастығы Тәуелсіздік идеясына айналды.

Ендеше, Қазақстан Тәуелсіздігі – өтеуі ғасырлар бойы қисапсыз төгілген бабалар қанымен, 1916-1933 жылдары қазақты екі айналып қырғынға ұшыратқан аштық зобалаңымен, асылдарымызды қырып-жойған қуғын-сүргінмен, Семейдегі жарылыстар зардабымен, Желтоқсандағы жастарымыздың көз жасы-жүрек қанымен өтелген құндылық! Бүгінгі мереке – дабыра даңғазаның дақпырты емес, еркіндік жолында жанын қиған, Азаттық жолында арпалысып өткен бабалар рухына тағзым етіп, Тәуелсіздігімізді баянды етуге еңбек сіңірген тұлғаларға құрмет көрсететін қастерлі күн!

Тәуелсіздігіміз ғұмырлы, еліміз тұғырлы болғай!

● СҮЙІНШІ!

Ардакүрең аламанда ат оздырды

Жәлел ШАЛҚАР,
«Орталық Қазақстан»

Астанадан Арқаға ақжолтай хабар жетті. Жерлесіміз, Алаш жырының Ардакүреңі Ғалым Жайлыбай Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері атанды.

Жусан аңқыған жұпар жырларымен жырсүйер қауымды рухани ләззатқа бөлеп жүрген арда ақынның тұлпар мінезді туындылары алты құрлықты кезіп кеткелі қашан. Бұған дейін де Халықаралық деңгейдегі талай мәртебелі сыйлықты иеленіп жүрген ақын үшін туған халқының ыстық ықыласынан асқан сыйлық жоқ. Сол үшін де Арқа жұртының алаң көңілінің аптығын басып, ағайыннан сүйінші сұрағанды жөн көрдік.

Ақ самал ақынның бұл мерейі – қазақ жырының мерейі! Руханият аламанына үкілеп қосқан «Ай таңбалы Арғымақ» атты жыр жинағына ақын жанкүйерлері бағасын беріп, бәс тіккенін де білеміз. Сол сенім ақталып, Алаштың жыр ордасында ақ түйенің қарны жарылды бүгін!

Қуаныш құтты болсын, Арқа жұрты!

Мерейіңіз әрқашан үстем болсын, Алаштың Ардакүреңі!

● БӘРЕКЕЛДІ!

Ереваннан екі күміс

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ереван қаласында (Армения) самбодан жастар арасында өткен әлем чемпионатынан жерлестеріміз жүлдемен оралды. 58 келіде күрескен Алдияр Кәріқұлов пен 79 келіде белдескен Айболат Амангелдиев ел қоржынына күміс жүлде салды.

Байрақты бәсекеге әлемнің 27 елінен спортшылар қатысқан. Айболат Амангелдиев облыстық олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша жоғары спорт шеберлігі мектебінің өкілі. Ал, Алдияр Кәріқұлов Теміртаудағы Ә.Молдағұлов атындағы мектеп-интернат-колледжінің шәкірті.

Алдияр өз салмағында қарсыластарынан салмағы мен жасы бойынша ең кіші қатысушы. Соған қарамастан жақсы нәтиже көрсетіп, үздіктер қатарынан көрінді. Ол алғашқы кездесуінде армениялық қарсыласын жеңсе, екінші жекпе-жекте Өзбекстан спортшысынан айласын асырды. Ақтық кезеңде екі самбошы да ресейлік спортшымен кездесіп, жеңіліп қалды.

● ЖЫР-ШАШУ

Дұға

Айналайын, Бостандық!
Үркерге ұқсап сен ауғанда
басымнан,
Қаным – судай шашылған.
Бекзаттарым атылған һәм асылған,
Ғазиз жырмен дұға сұрап отырмын,
Мынау, ғазал ғасырдан!

Айналайын, Азаттық!
Бода-бода жаспен келген бұл арман,
Қырық құрау ұлттан құралған.
Боздап жүріп, әрең шықтық
тұманнан,
Күлтегіннің ұрпағы ғой кәуірдің,
Күл-талқанын шығарған!

Айналайын, Еркіндік!
Кек сақтамай өткен күнді
кешірдім!
Балақ бауым шешілдің.
Күн астында армансыз
бір көсілдім,
Жаһан жұртын аузыма әлі қаратам,
Жағасында – Есілдің!

Тәуелсіздік – Тұмарым!
Тұраным сол, аман-есен қалдың ба,
Арда туған азаматтар бар мұнда,
Аяқтарын шалдырма,
қанаттарын талдырма.
Алтын басы иілсін, қос тізесі
бүгілсін,
Тек Алланың, алдында!

Бағдат МҮБӘРАК

● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Бұқара бұйымтайы ескерілді

Облыс әкімі Жеңіс Қасымбек жұмыс сапарымен Осакаров ауданына барды. Өңір тұрғындарының мәселелерін тыңдап, бірқатар нысандарды аралап шықты. Әкімнің халықпен кездесуі Молодежный кентінде өтті.

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған аймақта Қарағанды өңірлік энергетикалық компаниясы жарық құрылымдарын жаңартуды бастады. Электр тарату желілері, станциялары жөнделеді. Молодёжный кентінің электр қуаты мәселесі де шешімін таба бастады. Елді мекеннің әлеуметтік инфрақұрылымы да жақсаруда. Кейінгі екі жылда «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы бойынша ауыл көшелеріне асфальт төселді. Биыл екі мектеп пен Мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтті.

Енді, Есіл кентіндегі мектеп пен жолды, Сарыөзектегі кентішілік жолды ретке келтіру жоспарда тұр. Кездесуде тұрғындар өткір көтерген мәселе – Молодежный ауылындағы тозығы жеткен аурухана.

– Қазір сіздер айтып отырған аурухананың жобалық-сметалық құжаты дайын. Келесі жылы жөндеуді бастаймыз. Онымен қоса, медициналық мекемелеріңізді заманауи жабдықтармен толық қамтамасыз етеміз, – деді Жеңіс Махмұдұлы.

Ауыл тұрғындары аймақ басшысынан жайылым жетіспейтінін, осы мәселенің шешімін табуына ықпал етуін сұрады.

– Шынында да, Молодежный кентінің айналасында жайылымдар аз. Бұл мәселе ел бойынша өзекті. Бірте-бірте шешіледі. Пайдаланылмаған жерлер мемлекет меншігіне қайтарылып жатыр. Жақын арада ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы осы ауданға келіп, барлық сұрақтарыңызға жауап беретін болады. Сондай-ақ, 200 бастан көп малы бар ауыл тұрғындары үшін шөп пен жемге субсидия ретінде 500 млн. теңге бөлінді, – деді аймақ басшысы.

Жалпы кездесуден кейін Жеңіс Қасымбек тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Аймақ басшысы Осакаров ауданындағы жұмыс сапары барысында бірқатар нысанды аралап шықты. Соның бірі – Молодежный кентіндегі спорт кешені. Тоқсаныншы жылдары салынған ғимарат алғаш рет күрделі жөндеуден жақында ғана өтті. Аудан әкімі Руслан Нұрмұханбетовтің айтуынша, құрылыс жұмыстары толық аяқталды. Спорт кешенінің құрылысына «Ауыл – Ел бесігі» жобасы бойынша қаражат бөлінген. Қазір ауласы абаттандырылып жатыр.

Жеңіс Қасымбек Абай атындағы тірек мектебінде де болды. Бұл білім ошағы да күрделі жөндеу жұмысын көп күткен еді. Жылыту жүйесі де толығымен ретке келтірілді. Мектеп оқушылары облыс әкімінен спорт алаңын сұрады. Әкім спорт алаңына, мектеп жанын абаттандыруға қаражат бөлуді тапсырды.

Сонымен қатар, биыл Молодежный кентіндегі жылу қазандығының біріне жөндеу жұмыстары жүргізілді. Аудан орталығына қосымша қазандықтар орнатылды.

Аудан бойынша жолды жөндеу жұмыстары да жүйелі жалғасуда. Облыс әкімі Осакаров-Молодежный жолындағы жөндеу жұмыстарымен танысты. Биыл 16 шақырым жөнделіп, оның он шақырымы қалды. Келесі жылы толық аяқтау көзделіп отыр. Осылайша, жалпы ұзындығы 83 шақырым жол толығымен жаңартылады.

Осакаров ауданы

25 қазан
РЕСПУБЛИКА
КҮНІ

Саз мектебіндегі салиқалы жүздесу

Республика күні қарсаңында облыс әкімі Жеңіс Қасымбек №1 балалар музыка мектебіне барып, мұғалімдер мен оқушыларды мерекемен құттықтады. Жас музыканттар концерт қойып, жетістіктерімен бөлісті.

№1 музыка мектебінің талантты тәрбиелеп келе жатқанына 44 жыл толып отыр. Аталған оқу һәм өнер ордасы әншілер әулетімен танымал. Шакеновтер, Бибичевтер, Файзурахмановтар секілді. Бұл мектептен қанат қаққан түлектер әлемнің жетекші консерваторияларына түседі. Биылдың өзінде 40-тан астам оқушы түрлі деңгейдегі байқау жүлдегерлері мен жеңімпаздары атанды.

Бүгінгі күні 17 музыкалық бағыт бойынша 700-ге жуық бала оқиды.

Жеңіс Қасымбек келесі жылы музыка мектебінің ғимаратын жөндеп, аумақты абаттандыру жоспарланып отырғанын жеткізді. Жаңа музыка құралдарын сатып алуға да қолдау көрсететінін айтты аймақ басшысы.

Балалар жылының құрметіне және Республика күніне орай мектепке жаңа чех роялі Petrof сыйға тартылды.

– Сыйлық ерекше ұнады. Бұл – ең жақсы брендтердің бірі. Дыбысы керемет. Бізде бірнеше жыл бұрын бюджет қаражатына сатып алған Petrof бар. Бірақ, оған біршама уақыт болды. Ескі фортепианомен мүлдем үйлесе алмайды. Енді концерттерге екі заманауи фортепианода нөмірлер дайындай аламыз, – дейді мектеп ұстазы Галина Бибичева.

Жаңа фортепианода жас талантты пианист Малика Күзембаева ойнады алғаш рет. Әнші балақай халық әні «Япур-айды» тамылжыта орындады. Композитор Марат Сүтішев «Атамекен» пьесасын орындады.

Өз тілшімізден

● КЕҢЕС

MIRAS мән берген мәселелер

AMANAT партиясының Қарағанды облыстық филиалы жанындағы MIRAS мәдениет пен азаматтық қоғамды дамыту жөніндегі Қоғамдық Кеңесінің кезекті отырысы Кеңес төрағасын сайлаудан басталды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әуелден сөз алған AMANAT партиясы Қарағанды облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бекзат Алтынбеков қызметінің ауысуына байланысты басқа қалаға қоныс аударған Қамбар Ахметовтің атқарған қызметіне риясыз алғысын білдіре отырып, орнына бірнеше кандидатура ұсынды. Нәтижесінде кеңес мүшесі, академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Жастар мәселелері жөніндегі департаментінің жетекшісі Марғұлан Тұяқов бірауыздан сайланды.

Кеңес құрамындағы мәдениет майталмандары алдымен іс-қағаздарын қазақыландыру мұратын алға тартты. Қазақтың сары тентегі, ақын Қуаныш Мақсұтов баяндамасында кенді аймақта «Жайлы мектеп» жобасының кең өріс алуы, көңілі күпті күрделі қоғамның ішкі саяси орнықтылығы, «Жариялылық» қағидаты, жеріміздің асты мен үстіндегі игілік үлесі, қордаланған құқықтық мәселелерді көлденең тартты.

– «Ата-ана өзінің баласын, мұғалім өзгенің баласын сүйеді». Шалғай жерлердегі ауыл мектептерін сақтап қалу, түптеп келгенде ол жерде қараша халықты да, тарихын да аман алып қаламыз, – деп түйіндеді Қуаныш ақын.

Осындай сан қырлы сұрақтарды талқыға салған Кеңес отырысын қорыта келе, көтерілген келелі жайттар барысына ұсынымдар легі даярланып құзыретті мекемелер тарапына жолданатынын тілге тиек етті. Шара соңында жұмыс жоспары бекітіліп, алдағы бағдарлар айқындалды.

● ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰЛҒАЛАРЫ

Аңыз тұлға ардақталды

Белгілі ғалым, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қоғам қайраткері, Арқаның атпал азаматы Мыңжасар Әдекеновтің құрметіне қойылған мемориалдық тақтаның салтанатты ашылуы өтті. Ескерткіш тақта Мыңжасар Әдекенұлы 25 жылдан астам тапжылмай еңбек еткен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ғимаратына орнатылды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты жиынға облыс әкімінің орынбасары Ербол Әлікұлов, облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Асқар Санаубаров, Социалистік Еңбек Ері Сайлау Біләлов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рымбала Омарбекова, ауыл шаруашылығы саласының ардагері Темірболат Мәжитов, ауыл шаруашылығына еңбек сіңірген майталмандар Төлеутай Шахарбаев, Боранбай Жумкин, Амантай Рахимов, Қарқаралы ауданының әкімі Ерлан Құсайын, облыстық ардагерлер ұйымының өкілдері, әріптестері, туыстары қатысты.

Мыңжасар Әдекенұлының есімі мал шаруашылығында селекционер, жаңашыл, артында жарқын із қалдырған көрнекті тұлға ретінде танымал. Ол – ауыл шаруашылығының, әсіресе қой шаруашылығының өркендеуі мен дамуына қомақты үлес қосқан тұлғалардың бірі. Оның есімі еліміздің және қазақстандық селекция тарихында кілемдік ұяң жүнді қазақы құйрықты қойдың отандық тұқымының авторы ретінде мәңгі жазылған.

Іс-шарада әріптестері, достары мен замандастары біртуар тұлғаның кәсібилігін, адалдығы мен азаматтығын айрықша атап өтті. Бүкіл саналы өмірін ауыл шаруашылығы өндірісіне арнаған білікті басшы, іскер ұйымдастырушы, өз ісінің талантты маманы тірі болғанда биыл 90 жасқа толар еді.

– Бүгін осындай тарихи сәтке куә болып отырмыз. «Ғалымның хаты, жақсының аты өлмейді» демекші, Мыңжасар Әдекенұлы өнегелі өмір жолы арқылы соңына өшпес мұра қалдырды. Ел үшін еңбек етудің асқан үлгісін көрсетті. Оның азаматтық болмысы кейінгі жас буынға үлгі. Талай шәкірт дайындады. Оның әрқайсысы елге адал қызмет етуде. Шәкірттерімен, ұрпағымен мың жасайтынына сенімдіміз, – деді Ербол Шымкентбайұлы.

Ғалымның ұлы Серғазы Мыңжасарұлы әке жолымен жүріп, химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі атанды. Еліміздің ғылым саласына өз үлесін қосып, қатерлі ісікке қарсы «Арглабин» препараты авторларының бірі ретінде ғылым тарихына есімін жазып үлгерді. Жалпы, осы салада еңбек етіп, елдің алғысына бөленіп жүрген Мыңжасар ағамыздың ұрпағы мен шәкірттері баршылық.

– Мыңжасар Әдекенов атындағы колледжде қызмет істегенімізді мақтан тұтамыз. Өйткені, Мыңжасар ағамыз осы білім ордасынан түлеп ұшып, Алматыда оқуын аяқтап келіп, емтихан комиссиясының төрағасы болып, көптеген жасты білім нәрімен сусындатқан. Ағаның ұрпақтары мен шараны ұйымдастырушыларға колледж атынан шексіз алғыс айтамыз. Ұлы Серғазы Мыңжасарұлы колледждің жылдағы жөндеу жұмысына, материалдық-техникалық базасын нығайтуға үнемі қол ұшын беріп, қамқорлық танытып келеді. Колледжде Мыңжасар Әдекенов атындағы жеке кабинет ашып, оны жөндеп, ішін ағаның құнды мұраларымен толтырып, шәкірттерге арнайы шәкіртақы төлеп келе жатқанын ел біледі. Бүгінгі шара құтты болсын! Мыңжасар ағамыздың есімі мәңгі жасасын! – деді Қарқаралыдағы М.Әдекенов атындағы ауыл шаруашылық колледжінің директоры Саят Оспанов.

Мыңжасар Әдекенов – халқымен бірге мәңгі жасайтын тұғырлы тұлға. Облыстың үш ауданында басшылық жасап, ширек ғасырдан астам уақыт облыстың қой шаруашылығын дамытуға білім-білігін, бай тәжірибесін арнады. Өмірінің соңына дейін ел игілігіне еңбек етуден жалыққан жоқ. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де ұрпақ тәрбиесіне атсалысып, өскелең жастарды имандылыққа баулу ісіне азаматтық ұстаныммен үлес қосты. Мыңжасар Әдекенұлының туған жерді сүю, елге адал қызмет ету, адалдықтан айнымау тұрғысындағы боямасыз болмысы – көпке үлгі.

Салтанатты рәсімде сөз алған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Рымбала Омарбекова ол кісінің адалдығын, өзінің сүйікті Қарқаралысына жасаған еңбектерін тілге тиек етті. 1964 жылы сол кездегі ҚазКСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Д.Қонаевтың қабылдауында болып, Қарқаралы ауданы үшін көптеген нысандар салынуына септігін тигізгенін өңір халқы аңыздай қылып айтып жүр.

Ел жүрегіне мәңгіге жөргектеліп, есімі ұмытылмайтын тұлғалары, еңселі ұлдары бар өңірдің. Мыңжасар аға – солардың бірі һәм бірегейі. Бүгінгі қойылған ескерткіш тақта – біртуар ұлға лайықты құрмет!

Ардақталған аңыз тұлғаның есімі елі барда мәңгі жасарына бек сенеміз.

● АЙҒАҒЫНДАЙ ЕЛДІКТІҢ

Қаныш Сәтбаев ескерткіші

Ескерткіш Қарағанды вокзал алаңында орнатылған. Монумент Суретшілер одағының Қарағанды облыстық өндірістік комбинатының бөлімшесінде қоладан құйылды. Ескерткіштің биіктігі – шамамен 6 метр, ал салмағы – 2,5 тонна. Авторлары – алматылық мүсіншілер Ольга Прокопьева және оның баласы Дәурен Досмағамбетов. Тастұғыр 1999 жылы ашылды.

● ТӘУЕЛСІЗДІК ИГІЛІГІ

Жаңа Қазақстандағы жаңа Қарағанды

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңір экономикасының тайқазаны Қарағанды Қарағанды атанғалы оттан түсіп көрмепті. Келмеске кеткен кеңес кезіндегі тарихы аймақтың аузымен құс тістегенін айтады. Одан бергі жылнамасы да қандай кезеңде де аттан жығылмағанынан хабар береді. Нарықтың қатал сын-қатерлерін өкпесі өшпей өткерген кеншілер астанасының экономикаға тірек болған тұғырына бүгінде таласа алар өзге өңір жоқ. Ел егемендігі жарияланғаннан бері де елдің индустриалдық жүрегі боп соғып тұрған Қарағанды көштен қалып көрмепті. Ал, алдағы бес жылдықта 55 инвест-жобаны іске қосар ниеті бар. Шүкір. Тарқаталық.

Экономика тынысы тарылған жоқ

Содан да болар, бірер жыл бұрын Қарағандыны төртінші мегаполиске айналу мүмкіндігі тілге тиек етілген. Донор қалалық әлеуеті де аракідік айтылып қояды. Ал Жаңа Қазақстандағы жаңа Қарағанды қандай? Ол – шикізат өндірісінен өңдеуші кәсіпорындары көп Қарағандыға айналуы тиіс дейді экономист мамандар. Аты өшкір пандемия адамзатқа қынадай тие отырып, экономиканы тығырықтан шығар жол іздеуге мәжбүрлегенін де мойындап қою керек осындайда. Арқаны кеңге салған әлемнің өзі экономикада етек-жеңін жинаған сонда. Қарағанды да солай. Содан шығар, Қарағандының қазына-қамбасына жүргізілген есеп-қисап оның экономикасы ойсырап қалмағанын көрсетеді. Кейінгі жылдары көптеп ашылып жатқан жобалар облыстың тынысын кеңейте түссе керек-ті.



Сонымен, Қарағанды облысының 2022-2025 жылдарға арналған дамыту жоспарын жүзеге асыруға 3,6 трлн. теңге жұмсамақ екен. Оның 3,1 трлн. теңгесі – жекелеген инвесторлардың қаражаты. 521 млрд.теңгесі – бюджеттік. Осылайша, қоғамның әр саласын қамтитын 126 индикатор анықталған жоспарда. Аталған индикаторларға жету аймақ экономикасының бәсекеге қабілеттілігі мен тұрғындардың өмір сапасын арттыруға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Бағыт – түзу

Экономистер де Қарағандының қазіргі күні алған бағыты – түзу дейді. Сонымен, өңдеуші саласының дамуына ықпал жасап отыр деген пікірде. Осы алған бетінен таймаса, ірі өндіріс орындары өндірер өнім көлемін еңсеруге мүмкіндігі де бар көрінеді Қарағандының.

«Қарағанды да басқа өңірлер секілді дағдарыстағы қиындықтарға, өзіне тән салаларда, металлургия, көмір өндіруде біршама кедергілерге ұшырады. Десек те, өзге аймақтармен салыстырғанда, Қарағанды экономикасы дұрыс бағыт алды. Қарағандыда өңдеуші салалардың үлесі – жоғары», – дейді экономист-сарапшы Сапарбай Жобаев.

Қарағанды облысының экономикаға қойған жылдық өсім жоспары әдетте 4-5 пайыз шамасында. Құзырлы орындардың айтуынша, межеден шықпай, мәреге жете алмаған кезі жоқ. Мәселен, 9 айдың қорытындысында өндірілген өнім көлемі 4 пайызға өскендігі – оның дәлелі.

«2022 жылғы 9 айда Қарағанды облысында 2844,1 млрд. теңгеге өнеркәсіп өнімі өндірілді. Өнеркәсіптік өндірістің индексі өткен жылғы сәйкес кезеңге 101,2 пайыз. Өндірістің өсуі өңдеу өнеркәсібінде 5,6 пайыз. Облыстың өнеркәсіптік өндіріс құрылымында едәуір үлес салмақ өңдеу өнеркәсібіне тиесілі. Ол – 76,3 пайыз», – дейді облыстық статистика департаментінің баспасөз қызметі.

Металдан – бейметалға

Өңірде энергия және қара, түсті металлургия өндіруге мамандандырылған өндірістер орналасқаны белгілі. Сонымен қатар, тамақ өнеркәсібі, машина жасау, металл өңдеу, құрылыс материалдары, химия өнеркәсібі және басқа да өңдеуші өнеркәсіптер қанат жайып келеді. Соның есебінен еліміздің жалпы өңдеу саласындағы облыстың үлесі – 24 пайызға жуық. Металл өңдеу және машина жасау өнеркәсібі осы күні аса маңызға ие. Бұл орайда республикада ерекше орын алады Қарағанды. Алдыңғы қатарлы өндірістерінің қатарын «Қарағанды машина жасау-құю зауыты», «Имсталькон» Қарағанды металбұйымдары зауыты, «Сантехпром» ЖШС секілді көптеген өңдеуші өнеркәсіптер толықтырып отыр. Бұлардың әрқайсысында озық технология жолға қойылған.

Портфельде пул – қомақты

Биылғы жылдың инвестициялық портфелінде 221 млрд. теңгенің 12 жобасы бар. Бұл жобалар іске қосылғанда 2 мың адам жұмыспен қамтылады.

Негізі, 2022-2027 жылдарға облыста 55 инвестициялық жоба пулы жасақталған. Жобалар импорт алмастыратын және экспортқа шығатын тауарлар өндіреді. Мұның барлығы алдағы үш жылда іске қосылып, аймақта 13 мың жұмыс орны пайфда болады. Жаман көрсеткіш емес. Жобалар, сонымен қатар, баламасы жоқ өнімдерді өндіруді көздейтінін атаған жөн. Оның бәрі металлургия, құрылыс, химия өнеркәсібін және тау-кен, қағаз өнеркәсібін, агроөнеркәсіп кешенін, балама энергетика саласында іске асады.

«Атамекен» кәсіпкерлік палатасының хабарлауынша, облыста 55 жоба әр жылдарда іске асады. Мәселен, 2023 жылы – 14 жоба, 2024 жылы – 20 жоба, 2025 жылы – 6 жоба, 2026 жылы – 1 жоба, 2027 жылы – 2 жоба жұмысын бастайды. Сонда экспорт ұлғайып, импорт та төмендейді деген батыл болжам бар.

Ресей, Қытай, Түркия, Қырғызстан, Түркіменстан және Иран елдеріне экспортқа шығуы өнеркәсіптердің өнім сапасын көрсетсе керек.

Түйін

Бұл – Жаңа Қазақстандағы жаңа Қарағандының болашақтағы жоба-жоспары. Қарағанды осы жылдар ішінде мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көрмеді деу – шындыққа қиянат болар еді. Үдемелі индустриалдық даму бағдарламасының өзі небір жобаға қан жүгіртіп, небір идеяны іске асырды. Оның пайдасын бүгін бір ғана инвестор емес, жалпақ жұрт көріп келеді.

Елдіктің, егемендіктің арқасында...

● ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

Айбыны асқақ «Астана» қолбасшылығы

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің негізгі міндеті – еліміздің аумағы мен тұтастығын сыртқы қауіп-қатерден қорғау. «Астана» өңірлік қолбасшылығы Қазақстан Қарулы Күштерінің құрамдас бөлігі болып табылады. Қазіргі таңда қолбасшылық құрамындағы әскери қызметшілер өз қызметін асқан жауапкершілікпен жоғары деңгейде атқаруда.

2022 жылдың 24 тамызында «Астана» өңірлік қолбасшылығы 20 жылдығын атап өтті. 20 жыл бұрын бұл әскери бөлімге жауынгерлік ту табыс етілді.

Осы жылдар ішінде «Астана» өңірлік қолбасшылығы қарқынды түрде дамыды. Әскери қызметшілердің тұрмысы мен инфраструктурасы жақсарып, әскери дайындықтың әдіс-тәсілдері жаңаша жетілдірілді. Бүгінде «Астана» өңірлік қолбасшылығы – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі озық қолбасшылықтың бірі.

Өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру және имиджік жұмыс сапасын арттыру жолында мектептер мен институттар, білім беру мекемелерімен тығыз қарым-қатынас орнаған. Өңірлік қолбасшылыққа қарасты әскери бөлімдерде жастар арасындағы патриоттық сезімді нығайту жөнінде сөз болатын ашық есік күндері өткізіліп тұрады.

Жыл өткен сайын өңірлік қолбасшылыққа қарасты әскери бөлімдердегі әскери қызметшілердің, моральдық-психологиялық күйі жақсарып, әскери дайындық деңгейі артып келеді.

2021 жылғы 14 желтоқсанда Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекесін атап өту аясында Қолбасшы кубогі үшін «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлері мен Қарағанды гарнизоны әскери бөлімдері арасында шағын футболдан жарыс өтті. 10 команда қатысқан жарыс жеңімпаздарына кубок, медаль және грамоталар берілді.

2022 жылы «Астана» өңірлік қолбасшылығына қарасты әскери бөлімдерінде мыңдаған дайындық шарасы өтті. Былтырғы жылмен салыстырғанда саны артқан тактикалық, оқу-жаттығу, оқ ату тағы басқа шаралар күндіз және түнде өтті.

XIX Спартакиаданың қысқы кезеңінің регламентіне сәйкес 1-7 наурыз аралығында әскери қоян-қолтық ұрыс пен шаңғы спортынан спартакиада ұйымдастырылды.

Әскери қызметтің имиджін арттыру және жас жігіттерді әскери борышын өтеуге ынталандыру үшін, Қарулы Күштердің құрылғанына 30 жыл толу мерекесін атап өту жоспарына сәйкес, Қарағанды облысы «Спасск» оқу орталығында VIII Республикалық «Айбын» әскери-патриоттық жиыны өтті. Оған еліміздің 17 аймағынан 680 қыз-жігіт қатысты.

Осыған орай, «Біртұтас ұлт – біртұтас әскер» жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру Бағдарламасын жүзеге асыруда азаматтарға әсіресе, әскерге шақырылғанға дейінгі жастарға патриоттық тәрбие берудің идеясы мен мазмұнын байытудың маңызы артады.

«Айбын – 2022» жиынын ұйымдастыру мен өткізуге «Астана» өңірлік қолбасшылығына қарасты барлық әскери бөлімдер белсенді қатысты. Бұл «Астана» өңірлік қолбасшылығының жоғары сенімге ие екенін білдіреді.

Осы жылдың 21 маусымында танкілі взвод және артиллериялық батареясымен бірлесе отырып 31775 әскери бөлімінің 1-мотоатқыштар батальоны 1-мотоатқыштар ротасының жеке құрамы VIII Республикалық әскери-патриоттық «Айбын – 2022» жастар жиынының ашылуында «Қорғаныстағы рота-тактикалық топ» тақырыбында көрнекі рота-тактикалық оқу-жаттығуын өткізді. Оған Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі мен Сенат депутаттары қатысты.

Рота-тактикалық тобы – 1-мотоатқыштар батальоны 1-мотоатқыштар ротасының командирі, аға лейтенант Е. Біржанов оқу-жаттығу өткізгені үшін өте жақсы деген баға алды. Ал, «Астана» өңірлік қолбасшылығының әскери қызметшілері шеберлігін ҚР Қорғаныс министрі жоғары бағалады.

«Астана» өңірлік қолбасшылығына қарасты әскери бөлімдер қызметшілерінің 2022 жылы өткен маңызды іс-шараларға қатысып, жоғары жетістіктерге жетуі олардың Отан қорғаудағы жоғары кәсіби шеберлігін көрсетіп, кез келген уақытта егеменді елімізді қорғауға дайын екенін дәлелдеді.

Қ.БОЗТАЕВ,
Астана ӨҚ
ӘҚБ-ның орынбасары,
полковник

● ТӘУЕЛСІЗДІК РУХЫ

Туымыз жығылмасын!

Қай мемлекеттің болсын, оның мемлекеттігін айқындап, белгілейтін 3 қастерлі рәмізі бар. Олар – сол елдің Әнұраны, Елтаңбасы және Туы. Соның ішінде, Ту ерекше мәнге ие. Оны ұстап, көтеріп шыққанда немесе қадап, тіккенде, ол адамға рух беріп, одан сайын жігерлендірген. Бұрынғы өткен адамзат тарихында да, күні бүгін де солай болып қала береді де. Ал, Ту жығылып, не жоғалса, одан артық масқара болмаған. Мұндай жағдайда Туы жығылған әскер жеңіліп, Туын жоғалтқан әскери бөлімдер таратылып тынған. Сондықтан да, біздің қазақта ер-азаматтарға әлі күнге «Туың жығылмасын!» деген бата-тілек айтылады.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Арғы-бергі тарихта осы қасиетті Туға байланысты мысалдар аз емес. Мәселен, өткен ғасырдың қырқыншы жылдары Қытайдың Шығыс Түркістандағы ұлт-азаттық көтерілісінің көсемі Оспан батыр оны бастарда аруақты батыр Ер Жәнібектің Ақ туын ұрпақтарынан қалап алып, гоминьданшылармен болған қанды шайқастарда жеңістен жеңіске жеткен. Өйткені, туы желбіреп тұрғанда, жауынгерлер тіптен аруақтанып, жауына атой салған. Кейде, жалпы, түркі жұрты Туды «Байрақ» деп атайды.

Ежелден жауынгер қазақ баласы да осыншама ұлан-ғайыр Ұлы Даланы ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап, Туын құлатпау дәстүрін берік сақтаған. Бұл орайда батыр бабалардың жанкешті ерлігі бүгінгі өскелең ұрпаққа үлгі боларлық. Атап айтқанда, әз Тәуке ханның заманындағы қазақ-қалмақ соғысында біздің әскердің Ту ұстаушысы Айдабол бидің баласы Бозқозы батыр болған екен. Сондай бір қым-қуат шайқастың кезінде төбе басында Ту ұстап тұрған Бозқозының қара санына қалмақ мергенінің уланған садақ жебесі тиеді. Удың уыты бойына жайыла бастағанын сезген батыр жалма-жан қолындағы Туды жанындағы бір серігіне ұстата салып, қолдың арт жағында ас дайындап жатқан бақауылдарға қарай шаба жөнелді. Құйғытып келген бетінде ол оқ тиген оң аяғына ердің қасына көлденең салып, қылышымен жамбас түбінен бір-ақ шауып, қанжығасына байлайды да, қан сорғалаған санының тұқылын ат үстінен қайнап тұрған қазанға бір матырып алып, қайта шабады. Төбеге жетіп, қашан ұрыс біткенше, Туды тапжылтпай ұстап тұрады. Бұл соғыста қазақтар жеңіп, келіп қараса, Бозқозы батыр бір қолында Ту, бір қолында найзасы, ат үстінде өліп кеткен екен. Ал, сүйенген найзасының сабы жерге сүйем қарыс кіріп кетіпті дейді.

Бұдан кейін Абылай ханның дәуірінде Ту ұстау мәртебесі тағы да Айдабол бидің шөбересі, Орта жүзге ұран болған Олжабай батырға тиіпті. Кезекті бір соғыста қалмақ қонтайшысы, асқан мерген Қалдан Сереннің өзі қолына мылтығын алады. Бұл мылтықты ол Ресейдің Тула қаласындағы қару-жарақ зауытында арнайы жасатқан көрінеді. Сонымен, құралайды көзге ататын Қалдан Серен Олжабайдың Ту ұстаған қолының дәл шынтағының қоспасынан көздейді. Бірақ, атқан оғы тимей, бұлшық етін үңірейтіп тесіп өтеді. Олжабай батыр бұған мыңқ етпей, шапанының шалғайынан кесіп алған шүберекті әлгі тесікке тыға салып, қозғалмай тұра беріпті. Көздегені мүлт кетпеген Қалдан Серен бұған аң-таң болып, ұрыс аяқталған соң, Абылай ханнан Ту ұстаушысын көрсетуін өтінеді. Алдына келген Олжабайдың үңірейген жарасының орнын көрген ол «Күлдірмамай» деп аталатын бұл мылтығын батырға сыйлапты. Кейін оны батырдың ұрпағы Әлкей Марғұлан Омбы мұражайына тапсырып, сонда осы күнге дейін сақтаулы. Міне, біздің батыр бабаларымыз қандай болған!

Сол сияқты жау ордасына Ту тігу жеңгендік болып саналған. Мұның жарқын мысалын неміс фашистерінің соңғы бекінісі Рейхстагтың күйреген маңдайына Жеңіс туын тіккен Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігінен көреміз.

Ту қай кезде де мемлекет үшін, сонда тұратын әр адам үшін қастерлі де киелі болуы тиіс. Ләйім, Туымыз жығылмасын!

● РЕСПУБЛИКА МАҚТАНЫШЫ

«Ютария LTD» ЖШС директоры Тұрсынай Ибадатова:

«Жеңіл өнеркәсіптің жолы жеңілдейді»

Республика күні қарсаңында ел ырысын еселеп, отандық өндірістің көшін бастап жүрген Қарағанды кәсіпорындарының тынысын аңдап, мүмкіндігін зерделеп көргенбіз. Тәуелсіздік жылдарында өзінің ілкімді жобаларымен және Мемлекеттің қолдауымен қанатын кеңге жайып, шағын цехтан іргелі өндіріске айналған бірегей кәсіпорын – «Ютария LTD» ЖШС.

Жалпы, біздің елде жеңіл өнеркәсіптің жолы ауыр болып тұрғаны жасырын емес. Басқасы басқа, тура тігін және тоқыма өнеркәсібіне қажетті шикізатқа зәру емеспіз. Сонда да, тігін өнеркәсібі тығырыққа тіреліп, тоқыма саласы тоқырап тұр. Неге?

«Ютария LTD» ЖШС-нің отандық нарықтағы мүмкіндігі және жеңіл өнеркәсіп саласындағы өзекті мәселелер төңірегінде кәсіпорын директоры Тұрсынай Шахмұратқызы Ибадатовамен сұхбаттасқан едік.

– Тұрсынай Шахмұратқызы, Мемлекет басшысының 1 қыркүйектегі Жолдауында отандық жеңіл өнеркәсіптің бүгінгі ахуалы туралы кеңінен айтылды. Президент тапсырмаларына Сіздер қандай тың жобаларыңызбен үн қоспақсыздар?

– Иә, Президентіміз жеңіл өнеркәсіптің өзекті мәселелерін айта келе, мектеп формасына қатысты мемлекеттік тапсырысты отандық өндіріске икемдеу керектігіне тоқталды. Біздің компания мектеп формасын тігумен бұрыннан айналысып келеді. Әрине, мектеп формасына басым бағыт бердік деп айта алмаймын. Дегенмен, өндірісті әртараптандыру мақсатында бұл жобаны қолға алып, тіпті, сапалы өнімдерімізбен көрмелерге де қатыстық.

Бұл жерде мәселе пайда табуда емес, басты мәселе – бала денсаулығында. Мектеп формаларының маталары экологиялық тұрғыдан талапқа сай болуы керек. Матаның ауа өткізгіштігі, құрамындағы мақтаның үлесі деген секілді талаптарға жауап бере алатын өнім өндіруге тиіспіз. Біз тігіп жатқан мектеп формаларының көлемі аз болғанымен, сапасы осындай талаптарға толық жауап бере алады.

– Көлемі неге аз? Әлде, өзіңіз айтқандай сапалы маталар сатып алу қымбатқа түсті ме?

– Нарықтағы сұраныс көлемін сапамен қалыптастырамын деген кәсіпорын үшін шикізат бағасы маңызды емес. Мектеп формаларына сұраныс аз. Өйткені, биылғы оқу жылына дейін бірыңғай мектеп формасын талап ету тәртібі енгізілген жоқ. Әркім баласын өз қалауымен киіндірді. Сондай-ақ, әр мектеп өз формаларының үлгісін өздері бекітіп келді. Түсін де, матасын да өздері таңдады. Міне, осындай алуан түрлі талғам өндіріс көлеміне тікелей әсер етті.

– Биыл «Ютария LTD» ЖШС-нің отандық нарыққа өз өнімін шығарғанына 20 жыл толып отыр. Құс ұясындай тігін цехынан ауқымды өндірістік-инновациялық компанияға айналдыңыздар. Үлкен нарыққа қалай шықтыңыздар?

– Рас, жұмысымызды 2002 жылы бар болғаны 40 тігіншімен бастағанбыз. Компанияның бас директоры әрі құрылтайшысы Сәуле Шәуенованың табандылығы мен ерік-жігері біздің үлкен нарыққа алып шықты. Бүгінгі таңда Астана, Қарағанды, Жезқазған қалаларындағы кәсіпорындарымызда 1600-ге жуық адамды жұмыспен қамтып отырған үлкен компаниялар желісіне айналдық. Алғашқы жылдары «Қазақмыс» корпорациясының жұмыскерлеріне арнайы киімдер жиынтығын тігуге тапсырыс қабылдаудан бастадық. Уақыт өте келе, өнім сапасы тапсырыс көлемін арттыруға септігін тигізді. «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының еншілес компаниялары да қызығушылық таныта бастады.

Қазір «Қазақмыс» корпорациясынан басқа «Павлодар мұнай-химия зауыты», «ALTYNTAU Kokshetau», «MAKER» компанияларының тапсырысын орындаймыз. Барлығына арнайы киімдер мен қорғаныш заттар дайындаймыз. Тапсырыс жиынтық болып берілетіндіктен, біз аяқ киімнен бастап, басқа киетін каскаға дейін жинақтап береміз. Бұл мақсатта Қарағанды аяқ киім фабрикасымен әріптестік орнатқанбыз.

Біздің қызметімізді көпсалалы десе де болады. Мәселен, жеңіл өнеркәсіп негізгі бағытымыз болса, құрылыс-жөндеу жұмыстарымен, IT бағдарламалар әзірлеу, қоғамдық, емдік тағамдар кешенін ұсыну, өндірістік арнаулы киімдерді химиялық тазалау секілді қызмет түрлерін де ұсынамыз. Сонымен қатар, ULY DALA сауда желісін қолға алып жатырмыз. Бұл жоба аясында Жезқазған қаласында бір гипермаркет, Жезқазған, Сәтбаев қалаларында 20 минимаркет жұмыс істеп тұр. Қазір Балқаш қаласында көтерме-тарату орталығын ашу жұмыстары аяқталуға жақын. Болашақта Қарағанды қаласында да осындай жобамызды жүзеге асырмақпыз.

Ягни, компания жұмысының ауқымын кеңейте отырып, жаңа жұмыс орындарын ашу арқылы еліміздегі әлеуметтік мәселеге де өз үлесімізді қоссақ деген ойдамыз. Өйткені, бастапқы жылдары мемлекет қолдауын көрдік. Облыста алғашқылардың бірі болып қала құрушы кәсіпорынның кепілдендірілген тапсырысы бойынша шығындарымыз бір бөлігін субсидиялауға қол жеткізгенбіз.

Бизнестік әлеуметтік жауапкершілігі бағытында да көптеген жобаларға қатысып, компания құрылымдары қоныс тепкен қалаларда қарапайым тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсетуден бас тартқан кезіміз жоқ. Өзіміздің компанияда қызмет ететін көпбалалы бірнеше отбасыға пәтер кілттерін тапсырған кездеріміз де болды.

– Бәрекелді! Шикізатты қайдан аласыздар?

– Өздеріңізге белгілі, Қазақстанда тоқыма өнеркәсібі кенжелеп қалған. Тіпті, жоқтың қасы деуге де болады. Шымкент қаласындағы жалғыз тоқыма өндірісі «AZALA» ЖШС маталарын тұтынамыз.

Жалпы, «бізде ештеңе жоқ» деп, шетелге ауыз ашып отыра беруге болмайды. Қазақстанда жеңіл өнеркәсіп қарқынды дамып кетпесе де, Тәуелсіздік игілігін көріп, қаз-қаз басқан кәсіпорындар бар. Мысалы, озық технологиямен жасалатын синтепон, холлофайбер секілді жылу ұстайтын материалдар Қазақстанда өндіріледі. Тіпті, біз түймеге дейін қазақстандық өнімді сатып аламыз. Сондықтан, «Қазақстанда жеңіл өнеркәсіп жоқ» деуге болмайды. Біздегі жеңіл өнеркәсіптің жолы жеңілдейді. Өйткені, мемлекет үлкен бетбұрыстар кезеңіне қадам басты. Алдағы уақытта шикізатқа тәуелділіктен біржола болмаса да, ептеп-ептеп арылатын боламыз.

– Айтқаныңыз келсін! Сіздердің өнімдеріңіздегі қазақстандық мазмұнның үлесі қандай?

– Матадан бастап, түймеге дейін қазақстандық өнімдерді тұтынатынымызды айтып өттім. Бізде тек өндірістік технология ғана шетелдік өнім десем болады. Компанияның жұмыс күші, ол да – өзіміздің адамдар. Мамандарымызды өзіміз компанияның есебінен оқытып, заман талабына сай қайта даярлаудан өткізіп отырамыз. Осының барлығын қоса есептегенде, біздің өнімдегі қазақстандық мазмұн үлесі – 60-70%.

– Компанияны дамыту жоспарында өндірістік арнаулы киімдерден басқа бұйымдар өндірісін енгізу мақсаттары бар ма?

– Мектеп формасын тігу көлемін арттыру жоспарымызда бар. Сонымен қатар, жалпыға арналған киімдер тігеміз. Заманауи сәндік үлгідегі киімдер тігумен бірнеше жылдан бері айналысып келеміз. Бірнеше рет көрмелерге де қатысып, лайықты бағамызды алдық.

Біздің компания үшін ең абыройлы жоба – қазақты әлемге танытқан бұлбұл әнші, талантты бауырымыз Димаш Құдайбергенов талғамының таңдауы бізге түскендігі. Осыдан үш жыл бұрын Димаштың «Арнау Тур Энвой» атты шоу-концерті АҚШ-та үлкен аншлагпен өткені естеріңізде болар. Сол концертке әншінің қосалқы топтағы көмекшілеріне (продюсер, режиссер, жарық беруші, т.б) бір үлгідегі киім тігіп беруді әлдебір құзырлы орын мойнына алған екен. Алайда, олар үлгермей қалады. Әлдебіреулер арқылы біздің компания жайлы естіген Димаштың режиссер-хореографы Надин бізге шығып, айналасы 10 күннің ішінде әншінің әлемдік бренд үлгісіне сай, өте сапалы тігілген киімдер топтамасын ұшаққа әрең үлгеріп салғанымыз бар. Сол жолғы еңбегіміз бен өнімдеріміздің үлгісі мен сапасына керемет риза болған Димаштың ата-анасы әншінің өзіне де киім тіккізуге ниет танытты. Бұл жоба біздің компанияны да Димашпен бірге әлемге танытады деген сөз емес пе?!

– Тамаша! Енді компанияның көлік-логистикалық орталығы туралы бірер сөз...

– Иә, ауқымды компания жұмысын кедергісіз жүргізу үшін көлік-логистикалық орталығының атқаратын қызметі, алатын орны да – зор. Біз осы орталықты ашу арқылы өз мүмкіндігімізді арттырып қана қоймай, жергілікті халықты жұмыспен қамту бағдарламасына да өз үлесімізді қостық. Қазіргі уақытта көлік-логистикалық орталықта 60-қа жуық адам нәпақасын тауып жүр. Орталық жұмысын жандандыруға компанияның өз қаржысынан 200 миллион теңге инвестиция тартылды. 47 жүк көлігі кідіріссіз жұмыс істеп тұр.

– Соңғы сұрақ. Сіз қалай ойлайсыз, Қазақстанда тоқыма өнеркәсібін дамыту мүмкіндігі бар ма?

– Бар, әрине. Кез келген өндірісті жолға қою үшін ең басты қажеттілік – шикізат базасы. Бізде шикізаттан тапшылық жоқ. Тіпті, арзан шикізат көзі бар. Шаруалар қойдың жүнін, ешкінің түбітін қайда өткізерін білмей, сабылып жүр. Қораларында тау-тау болып үйіліп, шіріп жатыр. Осыны кәдеге жаратын кәсіпорын керек-ақ. Болашақта мұндай жобалар қолға алынып жатса, ауыл шаруашылығы саласына да серпіліс келер еді. Бізге де қолжетімді әрі алуан ассортименті бар шикізат базасы жеңілдік әкелер еді. Қазақстанда кезінде осының бәрі болды ғой. Алматы мақта-мата комбинаты, Алматы кілем фабрикасы, Шымкентте «Восход» тоқыма-тігін фабрикасы... Өзіміздің Жезқазғанда да үлкен тоқыма фабрикасы болды. Осы өндіріс орындарын жаңғыртып, жаңа технологиямен жабдықтаса, нұр үстіне нұр болар еді... Жаңа Қазақстанның жаңа дәуірінде осы жобалар қолға алынып, әрбір отандық өндіріс ошақтары Тәуелсіздікті нығайту ісіне сүбелі үлестерін қоса береріне сенім мол!

– Сұхбаттасқаныңыз үшін мың алғыс! Мереке құтты болсын!

Сұхбаттасқан **Ерсін МҰСАБЕК**

● ҰЛЫ КӨШ

Сағынышқа толы салқар көш

Тарыдай шашылған тағдырларды бір арнаға тоғыстырған егемендік Декларациясы. Осы бір құнды құжат төрткүл дүниедегі қандастарымыздың Ұлы көшіне жол ашты. Түбі бір, тілегі ортақ қарға тамырлы қазақтың жылдар бойғы ізгі арманы орындалды.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Туған жердің түтіні де ыстық» деген тәмсілдің тағылымы терең де екенін осы ұлы көш айқындап берді. Атамекеннен жырақтап қалса да, жерге, елге деген сағыныш сезімі бір сәтке де сейілген емес. Сол бір сәтті Жазира Есепхан былайша еске алады:

– Ол кез әлі есімде. Баян Өлгей аймағының Делуун сумынның Төңірек деген жұмақ жайлауын жайлап отырған жыл. Өмірдің ең бір жарқын сәті балалық шақ қой. Тұңғыш немеремін. Әжемнен бір елі ажырамаймын. Қызыл іңірде әжемнің қарындасы мен күйеу баласы Жәміла мен Есей келді. Сөздерінен түсінгенім Қазақстанға көш бастапты, әдемі қоштасқан екен. Бізден «Көшесіздер ме?» деп сұрауға келген екен. Әкем «Көшеміз» деді. Ертеңінде бәріміз құжат үшін суретке түстік. Үлкен атамыз Түсетбай 1935 жылы Қытайдан ауып келіп қоныстанған. Тоғыз жастағы бала болсам да, үлкендердің туған жерге деген ерекше ынта-ықыласын сездім. Менің де кеудемді қуаныш кернеп, «Біз Қазақстанға көшеміз! Қарағандының Қояңды деген жері» деп ауыл балаларына мақтанам. Қазақстанға табанымыз тиді. Азат елдің топырағын басып, ауасымен тыныстадық. Атамекендегі ағайындар бізді құшақ жая қарсы алды.

Бұл сол кездегі бала Жазираның түсінік, түйсінгені еді.

Шет елде жүрген қандастарымыздың санасын сарғайтқан сағыныштың аты – Атажұрт. Бастысы, ұрпағым өзге елдің суын ішкенше, өз елінде ұрпақ өрбітсін деген ұстаным еді. Ата аманатына адалдық деген осы болар, сірә.

– Атажұртқа 1991 жылдың қазан айында алғашқы лекпен келдік. Балаларымның алды 12-де, кішісі 1-де болатын. Қазақстанның егемен ел болуы қиырда жүрген қазақтар үшін зор қуаныш болды. Өзім мұңғыл жерінде туғандықтан, балаларымның атажұртқа табан тіреуі жүрегіме тыныштық берді. Ата-бабаларымның алдындағы перзенттік борышымды орындағанымды сезіндім. Қазақи аймақ – Қарқаралы жерінің, Егіндібұлақ ауылына отбасымызбен қоныстандық. Халықтың адал пейіліне риза болдық. Атақоныс адамдарының ниеті, туған жердің құдіреті алпыс екі тамырымызға шым-шымдап таралып жатты. Атажұртқа деген сан жылдар сарғайған сағыныштың жөні мүлдем бөлек. Ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес. Оны тек жүрекпен сезіну керек. Алайда, кіндік қаным тамған туған жерімді де сағынамын. Бақытты балалық шағымның куәсі ғой. Қалай десем де, таразы басында аталар аманаты тұрады. Атажұртқа деген сағыныш ата-бабаларымыздың қанымен бойымызға әбден сіңіп қалған екен ғой, – дейді Нұрсейіт Шәкерұлы.

«Елге ел қосылса – құт» дейді қазақ даналығы. Елге оралған қандастарымызбен бірге рухани құндылықтарымыз оралды, ұлттық мәдениетімізде жаңа серпін пайда болды. Ұлттық сарын сақталған әдет-ғұрып, салт-сана қайта жанданды. Өшкеніміз қайта тұтанып, өткеніміз өркендеді. Қандастарымыздың атажұртқа оралуы қай жағынан болса да, қазына қоржынымызды толтырды. Екіншіден, түрлі зобалаңдарда қырылып қалған қазақтың орнын толтырып донор болды. Демографиялық өсімге серпін берді.

Тарих дөңгелегі қанша халықтың тағдырын жаншып өтті. Үлкендер жағы атажұрт пен туған жерді ажыратып, таразы басын теңестіре алмады. Туған жерге деген ыстық ықыластарын жылы естеліктерінен аңғарсақ та, санада мәңгілікке қатталып қалған «Атақоныс» ұғымы олар үшін қастерлі де қасиетті. Ал, жастар жағы «Қанымызға сіңген еркіндікті ерекше сезіндік. Бұл жердің өзіміздікі екенін жан-тәнімізбен түйсіндік. Біз – бақыттымыз!» дейді. Қос буынның өкілі. Бастысы, тілегі бір...

● АЙҒАҒЫНДАЙ ЕЛДІКТІҢ

Ағыбай батыр ескерткіші

Ескерткіште Ағыбай барлық әскери киімімен, қолында найзасы, ат үстінде келе жатқан кезі бейнеленген. Жалпы композиция классикалық образда берілген, сонымен қатар ұлттық ерекшелік, қазаққа тән динамика сақталған. Батырдың күші ғана емес, рухани парасаты да ат үстіндегі нық және еңселі отырысы мен тұлпарының жүрісінен сезіледі.

Авторлар: мүсінші Ж.Қалиев, суретші Е.Шахиев

● ТӘУЕЛСІЗДІК МӘРТЕБЕСІ

Құқықтық мәні бар мереке

Егемендік дегеніміз – мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын дербес жүргізуі. Бұған 1731 жылдан бері бірінші рет 1990 жылдың 25 қазанында «ҚазССР-нің егемендігі туралы декларацияны» қабылдау арқылы қол жеткіздік. «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы» 1991 жылдың 16 желтоқсанында қабылданған конституциялық заң – «Егемендік туралы декларацияның» заңды жалғасы.

Коллажды жасаған Ш.Адамбекова

Құқықтық мәндері ортақ, бірінбірі толықтырушы конституциялық әрі құрылтайшы құжаттар. Егемендік – мемлекеттік биліктің мазмұны болса, тәуелсіздік – оның формасы. Сондықтан, бұл екі құжатты біріне-бірін қарсы қою ақталмайды. Бірі егемендіктің іргесін қаласа, екіншісі қабырғасын көтерді. Бұларды тұтастықта қарау маңызды. Десе де, адам баласының екі рет дүниеге келмейтіні секілді мемлекет те екі рет пайда болмайды. Егеменді ел ретінде жаңа өмірге есік ашқан күніміз, бұл – 25 қазан, Республика күні. Бұл күн биылдан бастап ұлттық мереке ретінде аталып өтеді.

Мерекенің маңызын арттыру Қазақстандағы әрбір азаматтың қолында деп санаймын. Ол үшін әділетті Қазақстан құруға барша азаматтар атсалысуы тиіс. Бұл бүгінгі таңдағы егемендігіміз үшін қажетті шарт, бұлтартпас оқиға болып тұр. Халықтық тәуелсіздік халықтың билікке кіріптар болмауын білдіреді. Керісінше, «Халық сұраса хан жалғыз түйесін соятын» билікті қалыптастыратын саяси жүйені болжайды. Өйткені, «Халық – мемлекеттік биліктің жалғыз қайнар көзі» (ҚР Конституциясы, 3-б., 1-т.). Бұл мемлекеттік билік органдарын әділ сайлау негізінде қалыптастыру мен олардың қызметін бақылауда ұстау арқылы көрініс табады.

Мемлекетшілдік дегеніміз – егемендік категориясы, яғни заңды ұғым.

Тарқатып айтар болсақ, бұл кемінде екі мәселені қамтиды: біріншісі, мемлекеттің бес белгісін олардың конституциялық мәніне сай үздіксіз дамыту және нығайту шаралары – халқы, аумағы, мемлекеттік билік органдарының жүйесі мен құқықтық жүйе және әскері.

Бұл ретте әрбір конституциялық орган өз құзыретіне сай мемлекет мүддесі үшін дербес және тәуелсіз іс-қимыл жасай алу мүмкіндігіне ие болуы тиіс. Өкінішке қарай, айталық Парламент пен жергілікті мәслихаттардың қалыптасуында атқарушы биліктің ықпалы сақталуда. Бұл Сенат пен Мәжілісті, сондай-ақ, жергілікті мәслихаттарды «өкілді билік терісін» жамылған жергілікті атқарушы органның филиалына айналдырып отыр.

Мұны түзетуге бағытталған бірқатар шаралар туралы Республика Президентінің көктемгі Жолдауында сөз болғаны бәрімізге мәлім. Әкімдер мен олардың орынбасарларына бұдан былай саяси партия филиалының жетекшісі (төрағасы, атқарушы хатшы) қызметін қоса атқаруға тыйым салынбақ. Осы мақсатта «Саяси партиялар туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы», «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңдарға жыл соңына дейін тиісті түзетулер енеді деп күтілуде. Мұндай жағдайда алдағы болатын Парламент пен жергілікті мәслихаттардың сайлауы атқарушы билік ықпалынсыз қалыптасады деуге құқықтық негіз бар.

Қолға алынған бұл шаралар мемлекетімізді нығайтып, құқықтық тұрғыда дамуына жол ашады деп сенеміз.

Қазыбек ДАУТАЛИЕВ,
заң ғылымдарының кандидаты

● ЖҮРЕКЖАРДЫ

Шетелдіктер жүрегіндегі Қазақстан

Соумья Джоши – Үндістаннан келіп, Қарағанды медицина университетінде білім алып жатқан шетелдік студенттердің бірі. Қазақстанға келген жеті жыл ішінде ол қазақшаны да, орысшаны да бір кісідей меңгерген екен.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Негізі өз арамызда хинди тілінде сөйлесеміз, – дейді Соумья. – Сабақтарымыздың барлығы ағылшын тілінде. Ол жағынан оқу барысында қиындық жоқ. Бірінші курстан жатақханада тұрамын. Жағдай жақсы. Күндіз сабақтамын, кешкісін №1 емханада кезекшілікте боламын.

Айтуынша, интернатурасын бітіргеннен кейін Ұлыбританияға резидентураға түспекші. Біздің елде берілетін дипломмен ондай мүмкіндік бар екен.

– Мен мектепте оқып жүргенде Қазақстанда оқитын студент болды, сол ол жақтың оқуы жақсы деп айтатын. Қазақстанға деген қызығушылық сол уақытта басталды десе болады. Үндістанда оқу бітіріп, жұмысқа тұру үшін емтихан тапсыру керек. Қазақстаннан оқып барғандар сол емтиханды жақсы тапсырады. Бұл да осы елді таңдауыма әсер етті, – дейді Соумья Джоши.

– Қазақстандықтар – қайырымды. Әрине, арасында елегісі келмейтіндер болады, бірақ, ондай барлық жерде бар деп ойлаймын. Көбіне-көп халық ашық, көмектесуге жақын. Адам дұрыс жүрсе, ешқандай проблемасы да болмайды. Мұнда келіп, көп дос таптым. Ұлты қазақ, орыс, түрік, өзбек достарым бар, – дейді ол.

Қарағанды медицина университетінің баспасөз қызметі мәлімдегендей, бүгінгі таңда білім ордасында 1 279 студент білім алып жатыр. Оның арасында Үндістаннан келгендер көп. Одан басқа, Иордания, Палестина, Мысыр мен Сирия сияқты елдерден келгендер де бар. Мәселен, төртінші курс студенті Мохаммед – иорданиялық. Оның мұнда келгеніне 5 жыл болыпты. Алғашқы жылдары Алматыда, кейін Қарағанды медицина университетіне ауысып келіп, жалпы медицина мамандығы бойынша оқып жатыр. Армения, Малайзия, Мысыр, Грузия мемлекеттері арасынан таңдауы Қазақстанға түсіпті.

– Мен таңдауды ағылшын тілінде білім алу мүмкіндігіне қарай жасадым. Әрі басқа елдермен салыстырғанда мұндағы оқу ақысы арзандау. Оқу бітіргеннен кейін Иорданияға қайтамын. Дәрігер болып жұмыс істеу үшін екі жыл тәжірибе жинақтауым керек. Егер Қазақстанға, оның ішінде, Қарағандыға қайтып келер мүмкіндік болса, ойланбастан келер едім, – дейді ол.

Өзімізде барды бағаламайтын әдетіміз бар ғой. Ал, халықаралық деңгейде Қазақстан медицинасының өз орны бар. Әсіресе, медициналық білім беретін оқу орындары жастар арасында танымал. Оған Ғылым және жоғары білім министрлігінің мына бір дерегі дәлел. Қазіргі уақытта Қазақстанның жоғары оқу орындарында 30 мыңға жуық шетелдік студент оқиды екен. Оның жартысына жуығы медициналық мамандықтарда білім алуда. Денсаулық сақтау бағытында 12 мыңға жуық студент, педагогика ғылымдарын – 4 905, бизнес, басқару және құқық саласында – 4 692 студент оқып жатыр.

Министрліктің мәліметінше, студенттер әлемнің 72 елінен келген. ТМД елдерінен бастап, Таяу Шығыс елдері мен Африкадан, Азия мен Еуропадан, тіпті, Америкадан да бар. Мұның барлығы елдегі медициналық білім берудің деңгейін, тәжірибе жинақтау базасының сапасын аңғартса керек. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін денсаулық сақтау саласы қалыпты жұмыс үдесінен жаңылып қалғаны рас. Сол тұста дәрігерлер күнкөріс қамымен басқа салаға, тарихи отанына кетті. Қазір ол заман артта. Сол уақыттың қиындығы үлкендер айтатын естелікке айналды. Азаттықтың арқасында салада инфрақұрылым дамып, технология жаңарып, емдеу ісіне көп жаңашылдық енуде. Бұл қоғамның барлық саласына қатысты. Мұның барлығы – тәуелсіздікті нығайтуға, мемлекетті дамытуға үлес қосып жатқан білікті азаматтардың еңбегі.

● ҚАСТЕР ТҰТАР КҮН БҮГІН!

Мереке халықтың рухын көтереді

Бізде мереке атауы көп. Олардың ішіндегі киелі де қасиетті мереке – Тәуелсіздік күні. Тәуелсіздік декларациясына қол қойылып, жеке ел болуға қадам басқан күніміз. Алайда, бұл мереке біраз жыл бұрын мерекелер қатарынан алынып қалған еді. Енді, міне, қайта атай бастадық. Бір өкіністісі, Тәуелсіздік мерекесі мен Желтоқсан қозғалысын тұспа-тұс қою ойға сыймады. Себебі, бұл күні біз «Тәуелсіздік алдық» деп қуанамыз ба, әлде кешегі боздақтардың қаза болғанын еске аламыз ба?

Дербес мемлекет ретінде алғаш шаңырақ көтеріп, құжатқа қол қойғанымыз – күні бүгінге дейін халықтың жадында. Халықтың рухын көтеретін осындай мерекелер. Сондықтан, бұл мерекені лайықты атап өткеніміз дұрыс!

Қойлыбай АСАНОВ,
айтыскер ақын

Ұтымды қадам

Кеңес одағы ыдырап, одақтас республикалардың егемендігін жариялау туралы декларацияға алғаш рет 1988 жылдың 16 қарашасында Эстон Республикасы қол қойды. 1989 жылдың 18 сәуірінде Литва қабылдады. Осы жылдың 29 шілдесінде Латвия егемендігін алды. Әзірбайжан, Грузия, кейін Ресей декларация қабылдап, Өзбекстан, Молдова, Украина, Беларусия, Түркіменстан мен Армения, Тәжікстан осы шеруді жалғастырды. Ең соңында Қазақстан мен Қырғызстан (15 желтоқсанда) егемендігі туралы декларация қабылдайды. Қырғыздардың өзі Егемендігі жайлы құжатқа бізден 2 ай кеш қол қойса да, Тәуелсіздігін бізден бұрын, яғни, 1991 жылдың 31 тамызында жариялапты. Осы тұста «Неге соңынан қабылдады?» деген үлкен сұрақ туындайды.

Ия, ол кезде жағдай тым қиын еді. Демографиялық ахуал қазіргімен салыстыруға келмейтін-ді. Оның үстінде, билікте әртүрлі ойлайтын, әртарапты адамдар болды. Сондай-ақ, солтүстікте қазақтардың үлесі де аз болды. Еліміздің солтүстігін «Ресейдің жері» деп отырған шенді-шекпенділер де бар еді...

Қазір осы мерекемізді қайтарып алдық. Талай жылдан бері 16-17 желтоқсанды қатар тойлап келдік. Бұл мерекеден кейін жаңа жыл мейрамы тиіп тұр. Тәуелсіздік мерекесінен бұрын көптеген сауда орталықтары жаңа жылды дәріптеп кетеді. Шындығында, мерекені декларациямен рәсімделген күні тойлау – ұтымды қадам.

Болат СЫЗДЫҚ,
заңгер

Тойдың деңгейінде қалдырмауымыз керек

25 қазан – егемендігіміздің жарияланған күні. Бәрінен қымбат, мәртебесі де жоғары – осы мереке. Көптен бері тойланбай кеткен атаулы күннің мерекелер қатарына енгенін естігенімде қуанғаным рас. Былайша айтқанда, мемлекетіміздің туған күні ғой. Біз мұны жай атап өтіп, тойдың деңгейінде қалдырмауымыз керек.

Кезінде солақай саясаттың салдарынан ен даламызда ядролық жарылыс болды. Салдарынан тірі өлік, аяқ-қолы жоқ бала дүниеге келді. Ядроның зардабын қарапайым халық көрді. Сол уақытта: «қой» деп айтатын біреу болмағаны ма деп ойлайтынмын.

Қазір бәрі басқаша. Барлық байлық – келешек ұрпаққа мирас. Сондықтан, ата-бабаларымыздан қалған мол мұраны дұрыс игеріп, бір талына тиіспей келешек ұрпаққа аманаттау бізге артылған міндет. Сондықтан, келешекте жас ұрпақ бізге: «Сол уақытта айтатын адам болмағаны ма?» деп айтатын күнге қалмайық

Қаршыға ИГЕН,
кинорежиссер

Маңызы жоғары құжат

25 қазан – Республика күні ұлттық болып жарияланды. Бұл – үлкен қуаныш. Себебі, 1990 жылы 25 қазанда ҚазақКСР Жоғарғы Кеңесі Егемендік туралы декларация қабылдады. Бұл құжаттың құндылығы өте жоғары. Себебі, бұл ғасырларға ұласқан Тәуелсіздік үшін күресіміз осы декларациямен түйінделді.

Декларация 17 баптан тұрады. Ондағы әр бапта халқымыздың басты ұлттық құндылықтары, ұлттық мұраты нақты түрде көрсетілген. Мысалы, «ҚазақКСР – әлемдегі барлық қазақтың тілін, ұлттық құндылығын дамытуға мүдделі», «Қазақстан – басқа мемлекеттермен халықаралық субьекция заңы бойынша байланыс жасайды», «Қазақстан жеріндегі барлық ядролық полигонның жұмысын тоқтата алады», «Қазақстанның Елтаңбасы, Туы, Әнұраны қасиетті құндылық болып есептеледі» деп жазылған.

Егемендік декларациясының маңызын 1991 жылы 16 желтоқсанда Тәуелсіздік алғанда ұқтық. Сондықтан, осы екі құжаттың арасында аса зор эволюциялық байланыс бар.

Нұртас СМАҒҰЛОВ,
ҚарУ-дың тарих факультетінің аға оқытушысы

● ТӘУЕЛСІЗДІК ТАМЫРЫ

Рухтың байрағындай байырғы өнер

Ежелден ата-баба ел шетіне жау келгенде ерттеулі атқа қонған. Ел егемендігі үшін өмірлері аттың жалы, түйенің қомында өткен. Осыдан-ақ қазақ пен қазанат ұғымы егіз екенін білеміз.

Дәл бүгінге дейін көкпарды, бәйгені бұлай ұлықтамап едік. Кешегі Кеңес дәуірі сонау ата-бабадан бергі бастауымызды суалтып, тынысымызды тарылтқаны бар. Десек те, етек-жеңді қолға алып ел қатарына қосылдық. Осы бір серпіліс елге үрап салғандай. Қазір ауыл-қала тұрғыны демей, тақия кигені тұлпар жаратып, арғымақ ұстауды мақсат ете бастады. Бұл – бір жетістік. Ұлттық рухтың алға қадамдауы – қазақша күрестің, тоғызқұмалақ пен көкпардың әлем деңгейінде танылуынан да анық аңғарылады.

Жансая СӘРСЕНБАЙҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ат құлағында алғаш ойнаған қазақ еді

Төрткүл дүниеде төбе елдер көп. Сол мен деген елдің өзіне тән ерекшелігі һәм салты, ұлттық биі мен ойыны бар. Ерекшелігі сеншалық, басқа елдің азаматы көрсе, сол елге тән дәстүр екенін жазбай бірден танырдай. Мысалы, тау халқының (шешендердің) «джигитовкасын» білмейтін ел жоқ. Шапқан аттың үстінде түрлі қимылдар жасап, жиналған жұрттың аузын аштырып, көзін жұмдыру. Бұл – біздің қазақтың қанына сіңген дүние ғой. Қазақ мұны бір-ақ ауыз сөзбен «Ат құлағында ойнаған» деп жеткізген. Ат жалын тартып мінген 5 жастағы бала жасаған ат үстіндегі түрлі іс-қимылды, 20-40-тағы шешен жігіттері жасап, ел тамсандырғанына мәз болысады. Ал, қазақ халқы әр еркек баланың жауынгер рухта тәрбиеленуін көксеген һәм оны жетістік көрмеді. Ел болып еңсе түзегелі біраз дүниеге жан-жақты қарадық. Қыр астындағы елдер күн артып жаңаша қырымыздан тануда. Ол мейлі дәстүр, мейлі спорт пен мәдениет болсын. Осының ішінде ұлттық спорт жайлы бірер ауыз айтсақ.

Көшпенділер ойыны – көш басында

Мәдениет және спорт министрлігінің ресми мәліметтеріне сүйенсек, кейінгі жеті жылда елімізде ұлттық спорт түрлерімен жүйелі түрде айналысатындардың саны айтарлықтай артқан.

2020 жылы олардың саны 432,4 мың болса, 2021 жылы 489,9 мыңға жеткен.

Яғни, бір жылда 57,7 мың адам қатарға қосылған. Бұл – біздің елдің сегіз пайызы ұлттық спортпен айналысады деген сөз.

Кейінгі жеті жылдағы динамикаға қарасақ, ұлттық спортқа бет бұрғандардың саны соңғы үш жылда ерекше өскен. Мұндай оң нәтижеге ең әуелі әлем бойынша көшпелі өркениеттің ұлттық ойындарына деген қызығушылықтың артуы себепкер деуге болады.

Көшпенділер ойындарын өткізуді қолға алып, көкпардан халықаралық деңгейде өтетін жарыстарды «көк бору» ережесі бойынша ұйымдастыруды жолға қойған бауырлас Қырғыз Республикасында қазір осы этноспорттың арқасында туризм жақсы дамып тұр. Биыл елімізде республикалық бюджеттен ұлттық спортты дамытуға 150 млн. теңге қарастырылған. Бұл қаражат Қазақстан құрамасын қыркүйек-қазан аралығында Түркияда өтетін IV Дүниежүзілік көшпенділер ойынына апаруға, спортшылардың ұлттық спорт түрлерінен өтетін Азия чемпионаттарына, халықаралық кубоктар мен жарыстарға қатысуға, республикалық деңгейдегі жарыстар өткізуге жұмсалмақ.

Сондай-ақ, ұлттық спорт санатына спорттың тоғыз түрі кіретінін айта кету керек. Тізімге енгені аударыспақ, асық ату, бәйге, жамбы ату, жекпе-жек, көкпар, қазақ күресі, құсбегілік және тоғызқұмалақ.

Қазақ халқында ел арасына кеңінен тараған 200-ден астам ойын түрі бар екен. Алайда, көбінің аты ұмытылып, заты жоғалуда. Тек, ішінде кейбіреуі ғана ұлттық спорт болып ұлтпен қайта түлеген. Олар қазақша күрес, тоғызқұмалақ, көкпар секілді жалпақ жұртқа танылған ұлттық спорт түрлері.

Қазақ күресі олимпиадалық ойынға айналса...

Қазақша күрес – ұлттық ойындардың ішіндегі ең қарқынды дамыған көшбасшы түрі. Бұлай сөйлеуіміздің себебі де жоқ емес. Өйткені, қазақ күресінен бүгінгі күнге дейін төрт рет Азия, 1 рет Еуропа, 2 рет Әлем біріншілігі өтті. Дүниежүзілік қазақша күрес федерациясының атқарып жатқан жұмыстары да ұшан-теңіз. Федерация басшысы Серік Төкеев осы спорттың барынша дамып, әлемдік деңгейге көтерілуі үшін игілікті шаралар атқарып жатыр. Мысалға, Орск қаласында өткен әлем біріншілігіне 20-дан астам елден 72 балуан келіп қатысты. Оның ішінде Еуропаның белді мемлекеттері Греция, Германия, Франция, Испания, Голландия, Швеция секілді елдердің спортшылары да бар. Орскідегі өткен осынау II әлем біріншілігінде жеті салмақтың алтауында қазақ балуандары алтын тағып, көк байрағымызды желбіретіп қайтқан-ды. Сол додаға қатысқан неміс спортшысы Доринг Холгер қазақша күресті жақсы көргені соншалық, өз жерінде осы спорт түрінен үйірме ашып, неміс балаларын қазақ спортына тәрбиелеп жатқан көрінеді. Холгер сияқты азаматтарға қолдау көрсетіліп, қазақша күрес жер-жерлерде насихатталса, түптің-түбінде ұлттық спортымыз Олимпиада ойындарына кірер ме еді деген ой келіп-кетеді. Жапондар өз дзюдоларын Олимпиадаға кіргізбес бұрын әлемнің түпкір-түпкірінде сол спорттан жарыстар ұйымдастырып, тегін спорттық киімдер таратып еді. Олимпиадаға қазақ күресі кірер болса, онда Ақсарбас емес пе?! Бұл бүтін еліміздің әлем алдындағы абыройының артқаны болар еді.

Шетелде тоғызқұмалақтың компьютерлік нұсқасы бар

Ұлттық спортымыздың ішіндегі шоқтығы биік шиманды, шиге жайған құрттай болып көрінгені бұл – тоғызқұмалақ. Ұлттық спортымыз – әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын, түркітектес халықтардың рухани, логикалық ойлау өнері. Негізінен тоғызқұмалақты дамытып жатқан Қазақстан мен Қырғызстан федерациялары. Қазақстан спортшылары Қырғызстанның ашық біріншілігінің тұрақты жеңімпаздары десек, өтірік емес. Қазақстан Ұлттық спорт федерациясының басшылығымен Еуропада, Америкада тоғызқұмалақты насихаттап, түрлі жарыстар ұйымдастырылуда. Ұйымдастырғандары интеллектуалды ойындардың қатарынан орын алып, бүгінде Лондондағы Олимпиадада тоғызқұмалақтан турнирлер өтіп жатқаны жалпақ жұртқа аян. Сондай-ақ, ұлттық спортымызды испандық Дэвид Котин, американдық Баутиста Роха секілді тұлғалар да дамытуға атсалысып жүр.

Бірақ елдегі жағдайға келсек, әлі де тоғызқұмалақ өрістеуіне кедергілер бар. Жай ғана тоғызқұмалақ тақтасы тапшылығының өзі үзіліс жасауға әкеп соққаны жасырын емес. Сонымен қатар, біздің үйреніп, тоғызқұмалақты әлдеқайда дамытқан өзге елдер бар. Олар ойынның компьютерлік нұсқасын шығарды. Оны айтасыз, тоғызқұмалақ туралы, оның ережесі жайында толыққанды кітаптар да жоқтың қасы. Кенжелеу бар. Десек те, «ештен кеш жақсы». Ынта қойсақ құр қалмасымыз анық.

Ұлт таңдамаған ұлттық ойын

Бүгінге дейін көкпар ауыларалық той-домалақтарда берілсе, қазір этносаралық ортақ мүддеді спорт түрі қалыптасты. Алдымен, еларалық сайысты бастаған еліміздің оңтүстік өңірлері. Мұны беделі белес асқан белді командалар «Әулиеата», «Құлагерлерге» қарап сөзсіз білеміз. Көкпарға баса назар аударып, ұлттық спортқа салғырт қарамай, үзбей айналысып тұратын Жамбыл облысын ерекше атап өткен абзал. 2003 жылы Тараз қаласының маңында «Көкбөрі» спорт клубы ашылды. Онда тек қана көкпар емес, сонымен қатар ұлттық спорттың бірнеше түрі де қамтылған. Клуб директоры Нұрдәулет Момынов ұлттық спорт жанашыры. Сондықтан да, Жамбыл облысының көкпар командасы жыл сайынғы Қазақстан біріншілігінің жеңімпазы. Қарағанды да қалыс қалмақ емес. Кеше ғана қадамын тәй-тәй басқан «Бәйтерек» командасы басшысы Дастан Рахманбердиннің бастамасымен, жаттықтырушысы Ерлан Оспановтың еңбегімен бірнеше қалааралық, республикалық додаларда бас жүлде иеленіп жүр. Бұл – арқалық көкпар сүйер қауым үшін жетістік.

Қазір көкпардан Қазақстан ұлттық құрамасының сапында 19 спортшы бар.

Жергілікті әкімдіктердің Мәдениет және спорт министрлігіне берген мәліметтерінше, Қазақстанда 45 атшабар бар. Оның 33-і – мемлекет меншігінде.

Қалған 12-сі жекеменшік. Елдегі ең ірі атшабарлар Алматы және Астана қаласында.

Қазіргі таңда Астана қаласында жабық ат спорты манежі салынып жатыр. 2020 жылы Ақтөбе облысында ат спорты манежі салынса, биыл қыркүйекке дейін Шымкентте ұлттық ат спортына арналған базалар бой көтеруі керек.

Осындай базаларды Павлодар мен Қарағандыда салу жоспарда.

Көкпар Оғыз баласына ортақ ойын болған соң ба, қазақпен бірге қырғыз ағайындардың да ықыласы алабөтен.

Содан болса керек, «көк бөру» деген ресми атау беріп, төл спортын халықаралық деңгейге дамытуға күш салып жүр. Мұндай әрекеттер қазақ халқының арасында «көкпарды қырғыздар UNESCO деңгейіне патенттеп алыпты» деген алыпқашпа әңгіменің таралуына түрткі болды.

2018 жылы «көк бөру» ойыны Қырғыз Республикасының атынан UNESCO-ның адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының жиынтық тізіміне алынған болатын. Бұл туралы Мәдениет және спорт министрлігі былай деген еді.

– Көкпар әр халықта әр түрлі аталады. Мысалы, қырғыздарда «Кок бору», өзбектерде «Улак-тартыш», тәжіктерде «Бузкаши», ауғандарда «Улак-купкари». Бүгінде халықаралық деңгейде «World Kokpar Association» ұйымы жұмыс істейді. Көкпар спорты дәстүрлі түрде дамып келе жатқан елдерде жарыстардың бәрі осы ұйымның регламенті бойынша өтеді. Көкпарды Қырғыз Республикасының патенттеп алғаны туралы мәліметке келсек, ешбір спорт түрін патенттеу мүмкін емес. Спорт түрінде қолданылатын құрал-саймандар ғана патенттелуі мүмкін. Мысалы, футбол добы, штанга сияқты құралдарды патенттеуге болады. Бірақ тұтас бір спорт түрін патенттеп алуға жол жоқ.

Алыпқашпа аттанды қойып, дамуды ойласақ, іске көшкен дұрыс-ау! Қырғыз бүйтіпті, өзбек сөйтіпті деген налу қазаққа тән емес. Көрміміз көркейсе, ол да ағайын. Керісінше, екі қадам алға шығуға ұмтылсақ қана ұтарымыз хақ.

● ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ

Білім берудің бірегей мүмкіндіктері

Жаңа дәуірдің қозғаушы күшіне айналған жас буын заманауи мектептерде білім алуда. Бүгінгі таңда облыста жас буынға тәлім беретін 420 білім ошағы жұмыс істеп тұр. Олардың білім берудегі бағыты әртүрлі болғанымен, оқушылар ұстанымы «еліме қызмет етемін» деуге негізделген. Тәлім алатын оқушылардың көбі әрине «білсек, білім игерсек, ғылымның тереңіне бойласақ» деп жүр.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық білім басқармасы мамандарының айтуынша, аймақта жастарды білімге баулып, үздік болуға тәрбиелейтін мектептер көп. Бірақ, белгілі бағытты қамтып, нақты жүйені ұстанатындар аз. Мәселен, облыста бассейні бар жалғыз Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп болса, оқушы талабынан шығатын қойылымдар ұйымдастыруға тиімді үлкен сахнасы, көрермен залы бар №102,103,104 мектептер екен. Ал, республикалық деңгейдегі Алаш ардақтыларын ұлықтайтын рухани шараларды ұйымдастыруда «Дарын» және Ахмет Байтұрсынов мектебі көш бастап тұр. Отансүйгіштіктің озық үлгісін көрсетіп, әскери шараларды ойдағыдай өткізетін Нұркен мектебінің оқушылары қашанда сап түзеп тұрып, кез келген шараның рухын көтереді.

Бассейні бар мектеп

Рухы биік елдің еңсесі тік. Ұлттық рухты ұлықтау арқылы еңсемізді көтеретін шымыр әрі қайсар жастар. Қазақстанның аты шығарып жүрген қарағандылық белсенді жастардың көбі – спортшы. Әлемдік аренада олар үнемі көк байрақты биікке көтеріп, оның күатынан күш алып, елдің абыройын асқақтатып тұрады. Осындай әдемі көріністердің бірін жерлестеріне тарту еткен жүзуден Азияның спорт шеберлері Эльмира Айғалиева мен Арғын Болатов – Бауыржан Момышұлы атындағы мектептің түлектері. Таланттар әуелі мектепте жаттығып, кейін үлкен аренаға жол тартқан. Аталған мектеп облыстағы басқа білім ордаларынан жоғарыда айтып өткен жүйрік жүзгіштерді даярлайтын бассейнімен ерекшеленеді.

Мектеп бассейні өткен жылы балабақша кешені ашылғанда пайдалануға берілітті. Оқу жүйесі жоспарында салауатты өмір салтын сақтауды мақсат еткен мектеп әкімшілігі дене шынықтыру пәніне арналған 3 сағаттың 1 сағатын жүзу пәніне арнапты. Мұнда 0-11 сынып оқушылары (1823 оқушы) аптасына 1 рет бассейнге түсіп, шынығады. Сөйтіп жүзу пәніне бүгінгі таңда 1812 оқушы қатысып жүр.

Бассейннің басы-қасында жүретін меңгеруші Хамит Амантайұлының айтуынша, қазіргі таңда жаттықтырушы-нұсқаушы педагогтер балаларға жүзудің түрлі әдістерін үйретуде. Кіші бассейндегі жолақта су көлемі 40 шаршы метрді құрайтындықтан, онда мектепалды даярлық тобы мен бастауыш сынып оқушылары жүзеді. Көлемі 400 шаршы метрді құрайтын үлкен бассейн жоғары сынып оқушыларына арналған. Екі бассейнде де насостық станция (кіші бассейнде – 1 фильтрмен, үлкен бассейнде 5 фильтрмен) сумен қамтамасыз етеді. Балалардың денсаулығы басты назарда болғандықтан, бассейнде санитарлық тазалық жұмыстары жиі жүргізіледі. Қазіргі таңда алты гардероб-душ жұмыс істеп тұр.

– Мектеп бассейнінде жүзуден қосымша сабақтар, жарыстар жүргізіледі. Жаз айларында лагерь барысында оқушылар үздіксіз жүзу сабақтарына қатысады. Маусым, шілде айларында қаламыздың басқа мектептерінен мектепалды даярлық топтарының балалары келеді. Жаттықтырушы педагогтер суда денені ұстау дағдысына үйретеді. Біздің жүзу мұғалімдері өз пәнін жоғары деңгейде меңгерген. Оның дәлелі – түлектер арасында жүзуден республикалық, облыстық, қалалық деңгейде жетістік көрсетіп жүрген чемпиондар. Мәселен, Сергей Зайцев – Қазақстан біріншілігінде топ жарған чемпион. Сондай-ақ, чемпион, спорт шебері Анна Большикова, спорт шебері Арғын Болатов секілді мықтылар бар, – дейді мектеп директоры Амантай Соғысбай.

Ата-аналар аптасына бір бассейнге түсетін мектеп оқушыларының шымыр, шаруаға мығым болып, шыңдалатынын айтады. Дегенмен, облысқа бір бассейн аздық ететін секілді.

Ахмет мектебі – көпке үлгі

Облыста алашшыл жастардың рухын көтеретін ерекше білім ордасының бірі – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп. Жақында ұлт ұстазына арнап ескерткіш ашқан мектеп ұжымы әр шарасын рухани тәрбиемен ұштастыра отырып, ұлтты сүюдің озық үлгілерін арқау етеді. Ұстаздары республикалық рухани шараларға оқушыларын жиі қатыстырып, үздік орындарды иеленеді. Егер қатерден қорықпайтын, екпінді, алашшыл әрі қазақы жастарды іздесеңіз Ахмет мектебіне ат басын бұру қажет.

Мектеп директорының міндетін атқарушы Жаңағұл Нұрмұханқызы Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-педагогикалық мұрасын насихаттауға бағытталған шараның көп екенін айтады. Ауыз толтырып айтарлығы 2013 жылдан бастап республикалық деңгейде өтіп жүрген «Алаштың Ахметі» конференциясы. Дәстүрлі шара Алаш тұлғаларының мемлекеттік және ғылыми-шығармашылық қызметін зерделеу арқылы зияткерлік және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға қолдау көрсетуді көздейді. Жылда 9-10-сыныптар арасында өтетін қалалық «Алаштану» марафоны да жастардың рухын көтеруге бағытталған. Мектепішілік «Ахмет оқулары» да ұлт ұстазының шығармаларын насихаттайды.

– Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойында педагогикалық мұрасына бағытталған форум өтті. Әрине, негізгі мақсат – ұлт ұстазының қоғамдық, ғылыми-педагогикалық мұрасын насихаттау. Ахмет атамыздың аталас туысы Ерахан Фазылұлы қатысып, заманауи үлгіде безендірілген «Ахметтану» дәрісханасын ашты. «Ұлт ұстазы – Ахмет» атты ескерткіштің ашылу салтанаты ерекше өтті. Сәкен театрында мектеп ұжымы ұсынған қойылым көпшіліктің қошеметіне бөленді, – дейді Жаңағұл Нұрмұханқызы.

Алаш ұранын арқау еткен мектеп оқушыларының кітап оқуға қызығушылығы ерекше. Оны RedX, TedX форматтарында ашық пікір алаңдарына қатысқан оқушылардың біліктіліктерінен байқадық.

● ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕТІСТІГІ

Қарағанды спорты: 30 жылдағы олжа қандай?

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тәуелсіздік жылдарында елімізде әсіресе, спортты дамыту жолға қойылып, толайым табыстарға қол жеткіздік. Материалдық-техникалық база нығайтылып, спортшыларды дайындау жүйелі жүзеге асты. Содан бері спорт саласы қарыштап дамып, небір саңлақтарымыз төрткүл дүниеге Қазақстан атты ел барын танытып, әлем аспанында көк байрағымызды желбіретті. Әлбетте, оның ішінде, қарағандылық спортшылар да халықаралық додаларда, әлем чемпионаттарында қара үзді. Бұған, қалың оқырман куә...



Еліміз жеке мемлекет ретінде алғаш рет Олимпиада ойындарына 1996 жылдан бастап қатысты. Атлантадағы XXVI жазғы Олимпиада ойындарында жерлесіміз Василий Жиров алтын алып, Көк Туды көкке көтерген-тін. Бұған қоса, техникалық шеберлігі ең жоғары боксшыға берілетін «Вэл Баркер» кубогін да жеңіп алды. Міне, осыдан бастап тәй-тәй басқан жас мемлекеттің үлкен спорт алдындағы тұсауы кесілді. Одан кейін, Афинадағы 2004 жылғы Олимпиада ойындарынан боксшы Генадий Головкин (күміс) мен Серік Елеуов (қола) олжалы оралса, жеңіл атлет Дмитрий Карпов онсайыс бойынша Қазақстан мен Азия рекордын жаңартты. 2012 жылы Лондондағы Олимпиада ойындарында Серік Сәпиев алтын медальді иеленді. Жерлесіміз – «Вэл Баркер» кубогін ел қоржынына салған екінші боксшы.

2016 жылы Рио-де-Жанейро ойындарында әйелдер күресінен Эльмира Сыздықова ел қоржынына қола жүлде салды. Боксшы Абылайхан Жүсіпов, самбошы Бейімбет Қанжанов, дзюдошы Жансай Смағұлов, «Қазақстан Барысы» атанған Ержан Шынкеев, конькимен жүгіруші Екатерина Айдова сынды жүйріктер – өңіріміздің мақтан тұтар спортшылары.

Өткенге көз жүгіртсек, Тәуелсіздік жылдарында Қарағанды өңірінен 85 спортшы жазғы және қысқы олимпиада ойындарында бақ сынапты. Өткен жылғы деректер облыста спорттың 100-ге жуық түрі қарқынды дамығанын көрсетеді. Оның 44-і – олимпиадалық спорт түрі. Осы спорт түрлерінен ұлттық құрамаға облыстан 1471 спортшы мүше. 30 жылда қарағандылықтар әлем чемпионаттарында 1010 жүлдеге ие болған.

Облыста 42 спорт мектебі және Ә.Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат колледжі, олимпиадалық резерв даярлау орталығы, жоғарғы спорт шеберлігі мектептері бар. Онда бүгінгі таңда 30 мыңнан астам адам дайындалады. Сондай-ақ, өңірде 4000-ға жуық мүгедек жан спортпен айналысады. Қазіргі таңда аймақта мүгедектерге арналған спорттың 29 түрі кең насихатталған. Ал, ұлттық құрама сапына 100-ге жуық спортшы кіреді. Сурдлимпиадашылар Аян Әбдіраш, Валентина Антоненко, Елена Салмина, шахматшы Виктор Максименко – ел мақтанышы.

Бұдан бөлек, Қарағанды өңірі кәсіби клубтардың да жетістігімен мақтана алады. Қазақстанның екі дүркін чемпионы «Шахтер» футбол клубы Еурокубоктардың топтық кезеңінде үздік атанған, «Қарағанды Сарыарқа» хоккей клубы да бірнеше дүркін Қазақстан чемпионы атанып, «Братина» және «Петрова» кубогінің иегері болды.

Былтырғы деректерге сүйенсек, аймақта 3155 спорт ғимараты жұмыс істесе, оның 1230-ы ауылдық жерлерде екен. Егемендік алғалы өңірде 67 ірі спорт кешені бой көтерген. Олардың қатарына облыс орталығындағы «Tennis center», «Saryarqa table tennis center», «Қарағанды арена» мұз сарайы, «Серік Сәпиев атындағы бокс кешені» және облыстың басқа қалалары мен аудандарында 10-нан астам дене шынықтыру-сауықтыру кешендері бар. Сондай-ақ, өңірде 366 спорт алаңдары мен 262 көпфункционалды хоккей корты ашылған. Бұлардың барлығы Қарағанды спортының Тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген жетістіктері.

● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

25 қазан
РЕСПУБЛИКА
КҮНІ

Жомарт жүрек жылуы

Теміртау қаласы әкімінің «Жомарт жүрек» сыйлығы биыл да өз иесін тапты. Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығында өткен іс-шараға қала әкімі Ораз Тәуірбеков қатысып, қайырымдылықпен үнемі айналысатын ұйымдар мен азаматтарға арнайы жүлде табыс етті.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қоғамда түрлі санаттағы жандар бар. Оларға қолдау көрсетіп, жоғын жоқтап, пана болып жүрген қала азаматтары баршылық. Сол жандардың жақсылығын елеп-ескерген қала әкімі биыл «Жомарт жүрек» сыйлығын 7 аталым бойынша табыстады.

– Республика күні қарсаңында сіздерге керемет сыйлық табыстағалы отырмыз. Жомарттық танытып, қайырымдылықпен айналысу – сауапты іс. Ақ адал еңбектеріңіз ақтала берсін. Кешегі қиын-қыстау шақта, яғни, пандемия кезінде мұқтаж жандарға қол ұшын созып, қасынан табыла білгендеріңіз үшін алғыс айтамын. Қаламызда қолы ашық, жүрегі кең жандар тұрады. Жылдағы дәстүрге сай оларға биыл да құрмет көрсетіп отырмыз. Мұнымен тоқтап қалмай, қайырымды іс жасап жарысайық, – деді Ораз Қайсаұлы.

Сонымен, «Жыл меценаты» аталымы «Асқар және компания» ЖШС Бас директоры Асқар Сәрсекеновке тапсырылды. «Туған өлке» номинациясы әлеуметтік жобалар мен қайырымдылық шараларды іске асыруға атсалысқаны үшін Иван Сиверскийге берілді. «Ремэкология» ЖШС директоры Станислав Ширяевке – «Жыл тұлғасы», «Ампир» ЖШС басшысы Евгения Карчевская – «Жылдың үздік ұйымы» аталымымен марапат алды. «Санни» еріктілер орталығының басшысы Әлия Қалымбетова «Ерен еріктілер» аталымы бойынша лайық деп танылды. Ал, «Жылдың үздік қамқоршысы» аталымында «Пушистые лапки» орталығының негізін қалаушы әрі басшысы Людмила Евдокимова мен ұйымдастырушысы Оксана Набережноваға берілді.

Асқар Садықұлы – жеке кәсіпкер. 1996 жылдан қайырымдылық шараларымен айналысады. Мән-жағдайын айтып, көмек сұрап келген жандардың бетін қақпай, қол ұшын созып келеді.

– Атаулы мереке қарсаңында халық тарапынан марапат алып отырмын. Қайырымдылықты өзін көрсетіп, біреу үшін жасамау қажет. Ол – жүректен шығады. Ал, жүректен шыққан дүние қашан да шынайы болады. Маған келіп жағдайын айтып, көмек сұрайтын жандардың қатары көп. Әрине, оларға қолымнан келгенше көмектесемін. Ол кісінің орнына өзімді қойып, бір сәт жағдайына түсемін. Бетін қаққан емеспін. Кішкене болса да көмегім тисе қуанамын. Одан мен байып та, тарығып та қалмаймын, – деді Асқар Садықұлы.

Ал, Иван Владимирович қалалық мәслихаттың депутаты. Бұл кісінің шарапатын көрген қала тұрғындары жетерлік. Әсіресе балалар үйіне, аз қамтылған және көпбалалы отбасына үзбей көмек көрсетіп келеді.

– Көмектің үлкен-кішісі жоқ. «Қолымнан келмейді» деп әр нәрсені сылтау қылмай, көмек көрсетуге асығу керек. Біз ел арасында көп жүреміз. Сол уақытта түрлі жағдайдағы отбасылар алдымыздан шығады. Жағдайын көзбен көріп тұрған соң үн-түнсіз кете алмайсың. Шамам жеткенше көмектесуге тырысамын. Тіпті болмаса, есігін, терезесін жамап береміз. Бұның өзі біз үшін үлкен бақыт. Алда әлі талай көмек күтіп отырған отбасы бар. Келесі кезекте сол отбасына көмектесеміз, – деді ол.

ТЕМІРТАУ

● ҚҰҚЫҚ

Ант қабылдау сертпен тең

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесі соңғы уақытта елеулі өзгерістерге ұшырады. Қолданыстағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы және заңға тәуелді актілер лауазымдардың жіктелуі – жаңа еңбекақыны айқындады, конкурстар мен тестілеу өткізу, тәртіптік жаза қолдану, мемлекеттік қызметшілерді оқыту рәсімдерін ретке келтірді.

Осылайша, Қазақстанда мемлекеттік қызметтегі қатынастарды реттейтін заңнаманың жеке саласы құрылды.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметшілердің ант қабылдау тетігі бекітілді. Қазіргі заманғы тәжірибе мемлекеттік қызметшілердің қызметінде заңдылық пен әдептілікті қамтамасыз етудің тиімді құралы – ант беру болып табылатынын айқындады.

Сонымен қатар, ережеде ант қабылдау тәртібі және оның мәтіні қарастырылған, онда мемлекеттік қызметшілер салтанатты түрде өз халқына және еліне қызмет етуге ант береді.

Ант беру институты көптеген шет елдердің тәжірибесіне де енді. Мысалы, Германияда мемлекеттік қызметшілердің біртұтастығы, мемлекеттік қызметке тең қол жеткізу құқығы ант беру міндетімен теңестіріледі: бас тартқан адам жұмыстан шығарылады.

Ал, Жапония Конституциясы мемлекеттік қызметшіні халықтың қызметшісі ретінде анықтайды, мемлекеттік қызметке кірген әрбір қызметші мемлекеттік қызметтің барлық талаптарын орындауға, жоғары лауазымды тұлғалардың нұсқауларын және жапон Заңдарын орындауға ант беруге міндетті.

Жалпы қазақта ант беру дегеніміз – ол серт беру. Бүгінгі қызметшілердің ант беруі – олардың халық алдындағы серті болып табылады. «Айтылған сөз атылған оқпен тең» дегендей, халқымыз ежелден серт беруге ерекше мән берген.

Сондықтан ант қабылдаған қызметшілер өз сертіне жауапты болып, міндеттерін абыроймен атқаруы тиіс.

Абылайхан НАУРЫЗБАЕВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының меңгерушісі

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2022 жылғы 9 айдағы аудиторлық қызметінің нәтижелері туралы

Қарағанды облысы бойынша Тексеру комиссиясымен мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес 2022 жылдың 9 айдағы 8 аудиторлық іс-шара жүргізілді.

Мемлекеттік аудитпен 99 961 789,4 мың теңге қаражат көлемімен 57 объект қамтылды.

Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзу 9 502 469,8 мың теңгеге (аудитпен қамтылған қаражат сомасының 9,5%) анықталды. Оның ішінде 2 641 126,9 мың теңге қалпына келтірілуге (өтелуге) жатады, 1 614 609,8 мың теңге немесе 61,1% қалпына келтірілді (өтелді).

Жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша жолданды:

аудит объектілеріне – 8 аудиторлық қорытынды және 19 нұсқама (11 ұсыным, 60 тапсырма), 23 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды;

мәслихаттарға – лауазымды тұлғалардың Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін сақтамауының анықталған фактілері бойынша 8 ұсыныс;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға – 216 аудит материалы, әкімшілік жауапкершілікке айыппұлдың жалпы сомасы 11 956,9 мың теңгеге 107 тұлға тартылды.

Тексеру комиссиясымен есептік кезеңде 10 әкімшілік материал жасалды, 8 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Оңайлатылған тәртіппен салынған әкімшілік айыппұлдар сомасы 2 144,1 мың теңгені құрады, ол бюджетке толығымен өтелді.

43-21-55
Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

● ТӘУЕЛСІЗДІК НЫҒМЕТТЕРІ

Рух мұнарасы

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бала күнімізден «Менің атым Қожа», «Көксерек» сынды фильмдерді көріп өстік. Кейіпкерлеріне еліктедік. Дегенмен, ондағы негізгі идеяны есейе келе ұқтық. Мәселен, «Менің атым Қожадағы» Қожа – қазақ. Оның мектепке бармауы, лагерьден бас тартуы, еркіндікке құмарлығы – кеңестік жүйеге деген ұлт қарсылығы, елдің азаттықты аңсауы. «Көксеректегі» асыранды қасқыр да – қазақ. Оның түптің-түбінде орманға қарап ұлуы, өз иесін жазым етуі – ұлттың бостандыққа талпынысы. Демек, әр фильм – мемлекеттік идеологияға, ұлттық рухқа құрылуы ләзім. Алайда, мұндай талғам үдесінен кез келген фильм шыға алмайды. Ал, егемендікке қол жеткелі патриоттық рухта қандай фильмдер түсірілді?..

Сөзімізді Қазақ хандығының 550 жылдығына орай түсірілген ауқымды жоба «Қазақ елі» телехикаясынан бастауымыз заңды. Өйткені, бұл қазақ телевизиясы тарихындағы тұңғыш тарихи сериал. Бас-аяғы он бөлімнен тұрады. Бастапқы жеті бөлімі Қазақ хандығының негізін қалаушы Керей мен Жәнібек хан дәуірін суреттейді. Қалған үш бөлімі хандықтың іргесін кеңейтіп, тарих сахнасына мемлекет ретінде орнықтырған Бұрындық, Қасым хандарға арналды. Бұл туынды қазақ жастарының патриоттық сезімін күшейту жолында үлкен рөл атқарып, рухын көтеруге едәуір септігін тигізді. Бір айта кетерлігі, қазақтың тұңғыш ханы Керейдің рөлін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, биыл 90 жылдығын тойлап жатқан С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрының актері Қайрат Кемалов сомдады. Бұл – Арқа жұртына ортақ абырой. Қарағандыда актердің өз атын ұмытып, «қазақтың Керей ханы» деп атайды. Бұл өз образын лайықты сомдағанын аңғартады.

Ал, Ақан Сатаевтың «Анаға апарар жол» тарихи драмасы қалың көрерменнің жүрегін қозғап, рухын тасытты. Фильм ана мен бала махаббаты хақында. Осынау құдіретті күштің арқасында кейіпкер Ілияс бір кездері көз жазып қалған анасына, үйіне барар жолда кездескен ауыр қиындықтарды жеңеді. Картина – егемендік алғаннан кейінгі қазақ киносының үлкен жетістігі. Өйткені, мұнда тағдыр бар. Сюжеті – шымыр, идеясы – құнды. Ана – Отан, Атамекен, туған жер. Бала – перзент, халық, қазақ. Анасына асыққан Ілияс арқылы туған жерге байланған қазақ туралы айтады. Екеуінің басындағы талайлы тағдыр қатар өріледі, параллель сипатталады. Сол арқылы бүтін бір дәуірдің портреті шығады. Бұл фильм де патриоттық пен қайсарлыққа тәрбиелейді.

2012 жылы жарыққа шыққан «Жаужүрек мың бала» драмалық фильмі де – Ақан Сатаевтың туындысы. Фильм қазақ халқы жоңғар шапқыншылығына қарсы ерлікпен күрескен XVIII ғасырдың бірінші жартысын қамтиды. Францияда 65-ші Канн кинофестивалінің аясында арнайы көрсетілген «Жаужүрек мың баланы» тамашалауға 40-тан астам агент пен дистрибьютор келген. «Жаужүрек мың баланы» әлемдік прокатқа шығарумен айналысатын канадалық компаниямен келісімге қол қойылды. Қазақтың жауынгер халық екенін әлемге танытқан табысы мен қаралымы мол туынды болды бұл фильм. Ұлыбританияның кинопродюсері, Пьер Спенглер:

«Фильмнің сапасы, актерлердің шеберлігі ерекше әсер қалдырды. Эпикалық аясы, трюктері және басқа элементтері де жоғары деңгейде. «Мың баланы» көрген сайын Қазақстанға барғым келіп, сонда бір фильм түсіруді армандаймын. Осындай сапалы кино мен үлкен әлеуетке ие қазақстандық кинематография саласы бағындырар биік әлі алда» деген.

Бұдан бөлек, Ақан Сатаев «Томирис» фильмінің де режиссері. Қарағандылық жерлестері бүгінде рух қарашаңырағы «Қазақфильм» киностудиясын басқарып отырған Ақан Сатаевпен мақтанады. Ол баяғы Қалибек Қуанышбаев, Шолпан Жандарбековалардың жолын жалғап, қазақ киноөнеріне, ұлт рухының көтерілуіне үлес қосып жүр.

«Анаға апарар жол» фильмі сияқты Сатыбалды Нарымбетовтің «Аманат» фильмі де «Шет тілдегі үздік фильм» номинациясы бойынша «Оскарға» ұсынылған.

«Аманат» тарихи драмасы репрессияға ұшыраған біртуар тарихшы ғалым Ермұхан Бекмахановтың қилы тағдырына арналады. Ермұхан Бекмаханов – қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалыс жайлы ғылыми тұжырымдамалар жасаған сұңғыла ғалым.

Сонау 1930 жылдардағы алапат қиын кезеңде қазақ халқы корейлер, немістер, түріктер, шешендер мен күрдтерді бауырына басып, ажалдан аман алып қалған. Осы өмір шындығын «Қазақфильм» студиясы кино тілінде сөйлетіп, «Жерұйық» фильмін жұртшылыққа ұсынды. «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» демекші, патриоттық Отанды сүюмен ғана өлшенбейтініне осындайда көз жеткіземіз. Өзін жарылқамағанның өзгені жарылқап жарытпасы тағы анық. Фильмдегі «Егер Орынбай аға болмағанда, сол жылдар мен үшін ит-құс құтырған жыл ретінде ғана есімде қалған болар еді» деген корей ақсақалының естелігі сол дәуірді елестетеді. Қазіргі Қазақстанның күннен-күнге дамып келе жатқаны құшағының кеңдігі мен пейілінің тазалығынан.

Ал, Мұрат Бидосовтың «Тар заман» телехикаясы «Ұлттық мемлекет құрамыз» деп, өз уақытынан оза шапқан тұлғаларға арналған. Оқиға желісі Алашорда үкіметін құру жолындағы Әлихан Бөкейханов бастаған ортақ мұратқа топтасқан Алаш зиялыларының өмірінен құрылады. Фильмдегі Әлихан, Жақып, Әлімхан сынды тұлғалардың Қарағанды топырағынан екені кеудемізде мақтаныш сезімін оятады.

Ұлт рухын алып мұнараға теңесек, ол мұнара бір кездері өте зәулім еді. Тарих желі қатты соғып, әлсіретіп тастаған. Осыдан 32 жыл бұрын 25 қазанда Егемендік декларациясына қол қойылғанда рух мұнарасы еңсесін қайта тіктеді. Қазақ қайтадан атқа қонды. Алла алқады, әруақ жебеді. Енді, осындай айтары бар фильмдермен рух мұнарасы әрленуде. Әрленіп болған күні қазақтың асқақ рухы шыңына шығып, әлемнің дамыған 30 елінің біріне айналмақ. Бұл жолда Арқаның, Қарағандының қасиетті топырағында туып, Алаш аспанына қанат қаққан арда ұлдарының сүбелі үлес бар. Рух мұнарасы Мәңгілік болғай!

● АЙҒАҒЫНДАЙ ЕЛДІКТІҢ

Қарқабат ананың ескерткіші

Кешегі Қаздауысты Қазыбек бидің арғы әжесі, әйел де болса ел анасы атанған ержүрек батыр анаға Қарқаралы қаласына кіреберістегі ескерткіш. Монумент қоладан құйылды. Биіктігі тұғырымен бірге – 7,5 метр. Мүсіннің авторы – Бейбіт Мұстафин.

«Үш арыс» ескерткіші

1998 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының орталығында – аймақтың тумалары «Үш арыс» Әлихан Бөкейхан, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермековке ескерткіш орнатылды.

2013 жылы ескерткіштің айналасы абаттандырылып, «Алаш» алаңы ашылды.

● ТУРИЗМ

Қонақжай кәсіпте табыс мол

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Халқымыз сан ғасыр армандаған Тәуелсіздіктің бастауында Республика күні тұр. Бұл күн биыл Ұлттық мереке ретінде күнтізбеге қайта қосылғаны белгілі. Осынау айтулы күні егемендік алған жылдардағы еліміздің жетістіктеріне көз жүгіртсек, әр салада ауыз толтырып айтуға тұратын табыс бар екен. Оның бірі – туризм саласы. Балқаш – туризмі дамып келе жатқан шаһар. Қаланың әлемдік туристік нарықта өз орнын табуға мүмкіндігі зор.

Балқаш көлінің жағалауындағы мысты қала шағын және орта бизнесті дамытуға қолайлы. Жыл санап мұнда келетін саяхатшылардың саны артуда. Бұл туралы Балқаш қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Жанмира Рахпанова мәлімдеді.

– Балқаш қаласына туристердің көп келуі, ішкі туризмнің жандануына ықпал етіп отыр. Туристік аймақ көп күткен 18 бизнес-жоба құрылысының басталуы өңір туризмін өркендетуге жасалған нақты қадам. Торанғалық және Шұбартүбек кенттерін Балқашқа қосу да туризмді дамытуға көп ықпал ететін шешім деп санаймын. Бүгінгі таңда осы аумақта жүйелі жоспар жасалды. Жағалау аймағының 22 шақырымын инженерлік коммуникациялармен қамтамасыз ету және абаттандыру қолға алынды. Мұнда жеке инвестициялар есебінен 12 демалыс аймағы мен туризм нысаны салынады. Қазақстан Республикасының 2019-2025 жылдарға арналған туризм саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, Балқаш курорттық аймағы туристификация картасының «ТОП-10» тізіміне енді. «Торанғалық, Шұбартүбек кенттеріндегі су құбыры желілерінің құрылысы» жобасының құны 4 млрд. теңгені құрап отыр. Бұған қоса, «Торанғалық, Шұбартүбек кенттерінде тазарту құрылғылары бар кәріз желілерінің құрылысы» жобасы бар. Құрылыс құны 4,5 млрд. теңгеге жоспарланып отыр. Электр желілерінің құрылысы да біраз қаржыға жасалатын болады. Биылғы жылдың қаңтар-маусымдағы статистикаға сәйкес, Балқаш қаласында туристер тоқтайтын 42 нысан бар. Нысан бір сәтте 2355 адамды қабылдай алады. Биылдың өзінде Торанғалық, Шұбартүбек кенттерін қоспағанда, Балқашқа 25 607 адам келіп демалған, – дейді Жанмира Рахпанова.

Тәуелсіздік жылдары түлеген туризм саласы әрі қарай да қарыштап дами бермек. Туристік салаға инвесторларды тарту үшін аса маңызды мәселелердің бірі көлік логистикасы екені анық. Барлық санаттағы ұшақтарды қабылдау және әуежайды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру үшін Балқаш қаласы әуежайының жекелеген ғимараттары қайта жабдықталды. Ол үшін 3,5 млрд. теңгеге жобалау-сметалық құжаттама әзірленген.

Мамандардың айтуынша, әлемдік экономикада туризмнің маңызы зор. Бүкіләлемдік Туристік ұйымның дерегі бойынша әлемдегі жалпы ұлттық өнімнің оннан бір бөлігін, халықаралық инвестицияның 11%-дан астамын, әлемдік өндірістің әрбір тоғызыншы жұмыс орнын туризм қамтамасыз ететін көрінеді.

Осы тұрғыдан алғанда Балқаш өңірінде туризмнің дамуы табыс көзінің еселенуіне, аймақтың өркендеуіне сеп болмақ. Қазіргі туризм – әлемдік экономиканың құлдырауды білмейтін саласы екендігін дәлелдеп отыр.

БАЛҚАШ

Біздің сайт: www.ortalyq.kz **Апталық таралымы 18 189** **Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com ortalyk.kaz@mail.ru** **Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru**

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ:
«Saryarqa aqparat» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің
Бас редакторы
Ерсін Кәрібайұлы МҰСАБЕК

Бас редактордың орынбасары
Назым Саймасайқызы ДҮТБАЙ

Интернет-редакция редакторы
Ілияс Дүнгенбайұлы МҰҚАЙ

Жауапты хатшы
Қасымхан Бүркітұлы ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Экономика бөлімі: 43-31-77
Саясат және құқық бөлімі: 43-30-88
Білім, ақпарат және спорт бөлімі: 43-49-72
Әлеумет бөлімі: 43-49-72
Мәдениет, руханият, әдебиет бөлімі: 43-22-92
Интернет редакция бөлімі: 43-31-77

Жарнама, факс: 43-21-55; бухгалтерия: 43-49-74;
Компьютер орталығы: 43-58-08.

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет: 8-771-193-44-74;
Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70;
Қарқаралы: 8-702-638-56-85.
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.

● Редакция 3 компьютерлік беттен асатын көлемдегі қолжазбаларды қарамайды.
● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Суреттер интернеттен, редакция архивінен алынды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген. Ⓑ
● Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда
№ KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

№118 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС
баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.

Кезекші редактор
Салтанат ІЛИЯШ

КОРРЕКТОРЛАР
Ж.АХМЕТ
Ә.БӘСТЕН